



AGROCREDIT
АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

**Жылдық
есеп**

2021

«Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ

**АГРОБИЗНЕСТІ
БІРГЕ ДАМЫТАМЫЗ!**



МАЗМҰНЫ

| | | | |
|--|-----------|--|------------|
| Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі..... | 2 | 6.8 Басқарма..... | 67 |
| Басқарма төрағасының үндеуі..... | 4 | 6.9 Қоғам комитеттері..... | 71 |
| 01 Жылдың негізгі оқиғалары..... | 6 | 6.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл..... | 73 |
| 02 Қоғам туралы ақпарат..... | 8 | 6.11 Ірі мәмілелер туралы ақпарат..... | 74 |
| 2.1 Тарихы..... | 9 | 6.12 Еншілес және тәуелді компаниялар | 74 |
| 2.2 Миссиясы, пайымдауы..... | 11 | 07 Тұрақты даму..... | 75 |
| 2.3 Бизнес-модель..... | 12 | 7.1 Стейкхолдерлер және аспектілер... | 76 |
| 2.4 Қолданыстағы қаржыландыру бағдарламалары..... | 14 | 7.2 Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл..... | 76 |
| 2.5 Қызмет географиясы..... | 16 | 7.3 Қоғамның мүдделеріне ықпал ету аясы..... | 78 |
| 03 Саланы талдау..... | 17 | 7.4 Экономикалық аспект..... | 80 |
| 3.1 Макроэкономикалық көрсеткіштер | 18 | 7.5 Экологиялық аспект..... | 81 |
| 3.2 Агроөнеркәсіптік кешен..... | 19 | 7.6 Әлеуметтік аспект..... | 82 |
| 3.3 Саланы қаржыландыру..... | 25 | 7.7 Демеушілік және қайырымдылық... | 86 |
| 3.4 PEST талдау..... | 27 | 08 2022 жылға арналған даму перспективары..... | 88 |
| 04 БИЗНЕСКЕ ШОЛУ..... | 29 | 09 2021 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептіліктен ұсталымдар | 90 |
| 4.1 Негізгі көрсеткіштер динамикасы... | 30 | 9.1 Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі..... | 91 |
| 4.2 Қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асыру..... | 32 | 9.2 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп..... | 97 |
| 4.3 Қаржылық нәтижелер..... | 39 | 9.3 Пайда мен шығындар туралы есеп. | 98 |
| 4.4 Оператордың функциялары және агенттік қызметтер..... | 43 | 9.4 Жиынтық кіріс туралы есеп..... | 99 |
| 05 Тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесін басқару..... | 46 | 9.5 Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп..... | 100 |
| 5.1 Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің ұйымдық құрылымы (ТБКЖ)..... | 47 | 9.6 Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп..... | 102 |
| 5.2 2021 жылы анықталған тәуекелдер | 49 | Қысқартулар..... | 104 |
| 5.3 2021 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру..... | 50 | Мекенжайлар мен байланыстар..... | 105 |
| 06 Корпоративтік басқару..... | 54 | | |
| 6.1 Корпоративтік басқару жүйесі..... | 55 | | |
| 6.2 Ұйымдастыру құрылымы..... | 56 | | |
| 6.3 Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкестігі..... | 58 | | |
| 6.4 Жалғыз акционер..... | 59 | | |
| 6.5 Дивидендтік саясат..... | 60 | | |
| 6.6 Акционерлік капиталдың құрылымы..... | 61 | | |
| 6.7 Директорлар кеңесі..... | 61 | | |

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



**АЙДАПКЕЛОВ
НҰРБОЛАТ
СЕРҒАЛИҰЛЫ**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ**

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздерге «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2021 жылғы жылдық есебін ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша квазимемлекеттік сектор компанияларын трансформациялау шеңберінде «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға қосылды. «Бәйтерек» холдингінің компаниялар тобына қосылу барысында «ҚазАгро» холдингінің үш қаржы институты кірді: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ.

Кейіннен Қор шағын кәсіпкерлікті несие беру жөніндегі функцияларды бере отырып, Қоғамға қосылды. Бұл ретте қаржыландырудың қолданыстағы шарттары, қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі бизнес үдерістерге тартылған өңірлердегі Қордың өндірістік персоналы сақталды. Бұл ретте әкімшілік-басқару персоналы оңтайландырылды.

Компаниялардың бірігуі фермерлерге несие беру жөніндегі функциялардың қайталануын болдырмауға және бір терезе қағидаты бойынша қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қордың қосылуына байланысты 2021 жылы Қоғам қызметінің бағыттарына агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру жөніндегі оператордың функциялары және «Дипломмен – ауылға!» бағдарлама шеңберінде сенім білдірілген өкілдің (агенттің) функциялары қосылды.

2021 жылы Қоғам нарықтағы көшбасшылығын сақтап қалды, бұл оның несиелік рейтингісіне оң әсер етті. Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі эмитенттің шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингтерін «Тұрақты» болжамымен «BBB-» деңгейінде растады. Сонымен қатар, Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі Қоғамның несие рейтингтерін «Ba1» деңгейінде растап, оң болжам жасады.

Қоғам аграрлық қызметкерлер үшін тиімді шарттарда АӨК саласына несие береді, сол арқылы Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және елдің эк-спорттық әлеуетін арттыруға жәрдемдеседі.

Несиелеудің басым бағыттары өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласындағы жобалар болып табылады. АӨК саласында ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше көңіл бөлінеді, оның ішінде – құс фабрикалары, асыл тұқымды репродукторлар, жылыжайлар, тауарлы-сүт фермалары, интенсивті бақтар, ет өңдеу кешендері және басқалар. Қоржынның негізгі бөлігіне АӨК-дегі шағын және орта бизнес сегментін дамытуға бағытталған қарыздар жатады.

АӨК субъектілерін несие қаражатымен қамтуды кеңейту мақсатында түрлі қаржы құралдары қолданылады: тікелей несие беру, несие серіктестіктері, шағын қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар сияқты қаржы институттарын қорландыру.

Аграрлық несие корпорация желісі бойынша жыл сайынғы қаржыландыру көлемі соңғы бес жылда 2 есе: 2016 жылғы 157,0 млрд.теңгеден 2021 жылы 322,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

Компаниямыздың нарықтағы позицияларын үздіксіз дамыту мен нығайтуға қызмет тиімділігін арттыруға, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз етуге, беделін нығайтуға және капитал тартуға шығындарды азайтуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесі ықпал етеді. Бекітілген корпоративтік стандарттарды сақтай отырып, Қоғам Қазақстан Республикасының Үкіметі мен акционер қойған міндеттерді іске асыруды жалғастырады.

2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі 21 отырыс өткізді, онда 176 мәселе қаралды, оның ішінде – сыртқы аудитті ұйымдастыруды жетілдіру, жүргізу және қаржылық есептілікке шолу, ішкі бақылау жүйесі, тәуекел-тәбетті және тәуекелге төзімділікті бекіту бойынша. Комитет мүшелерінің 100% қатысуымен Директорлар кеңесі комитеттерінің 38 отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесінің шешімімен омбудсмен тағайындалды, ол проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, Қоғам қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсетуге, жүйелік, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы жанжалдарды шешу және алдын алу бойынша басшылыққа кеңес беруге арналған.



Қоғам өзін мықты және тұрақты компания ретінде көрсете отырып, жылды пайдамен аяқтады. 2022 жылы бизнес үдерістерді жетілдіру және автоматтандыру, микронесие беруді кеңейту жөніндегі шараларды ұйымдастыру, несиелік серіктестіктер жүйесін дамыту бойынша жұмыс жүргізу жоспарлануда.

Келесі жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ты еншілес ұйым ретінде Қоғамға беру үдерісі аяқталады.

Осылайша, Қоғам ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған бірыңғай салалық несие беруші ұйымға айналады.

Корпоративтік басқаруды дамыту бойынша тиімді жұмысы үшін Директорлар кеңесінің барлық мүшесіне алғыс айтқым келеді. Оның ішінде жалғыз акционер бекіткен корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіру және енгізу жөніндегі жұмысқа белсенді қатысқан Dinkelaker Jorg Andreas, Weinstein Michael, Kim Kevin Gwangil Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері ризашылығымды білдіремін.

**Құрметпен,
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



**ӘШІРБЕКОВ
АЛМАТ
БҮРКІТБАЙҰЛЫ**
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жеке қаржы институттарын тарту арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу жөніндегі міндеттерді іске асыруды жалғастырып келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес квазимемлекеттік секторды трансформациялау аясында 2021 жылы Қоғамға «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қосылды. Соның нәтижесінде Қоғам қызметінің бағыттарына шағын несие беру бойынша функциялар, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сақтандыру бойынша агенттік қызметтер, сонымен қатар, «Дипломмен-ауылға!» бағдарлама шеңберінде сенім білдірілген өкілдің (агенттің) функциялары кіреді.

Өткен жыл бәріміз үшін қиын болды. Пандемияның салдары мен құрғақшылықтың қолайсыз әсері ел экономикасына және көптеген бизнес субъектілерінің, әсіресе аграрлық саланың қызметіне әсер етті.

Бұл жағдайда көктемгі дала жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізу өте маңызды еді. «Кең дала» бағдарламасы бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыруға республикалық бюджеттен қысқа мерзімді несие түрінде 70 млрд. теңге бөлініп, 2 636 шаруаға берілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша компанияның несие қоржыны 76,5 мың қарыз алушыны біріктірді, қоржын көлемі 817,7 млрд.теңге.

Аграрлық несие корпорациясы желісі бойынша АӨК қаржыландыру сомасы 2021 жылы 322,5 млрд.теңге болды. Бөлінген қаражаттың көмегімен есепті кезеңде 20 мың фермер несие алды, 140 мың бас ІҚМ, 400 мың бас ұсақ мал, 97,4 мың жылқы сатып алынды, 4,4 млн.гектар жер өңделді, 3,3 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Есепті жыл барысында АӨК саласында 163 сақтандыру шарты жасалды, оның ішінде 150,6 мың гектарды қамтып, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру бойынша 118 шарт, 6,6 мыңнан астам бас малды қамтып, мал шаруашылығында 37 шарт және 2,6 млн.бас құсты қамтып, құс шаруашылығында 8 шарт жасалды. Сақтандыру сыйақысын субсидиялау сомасы 242,6 млн. теңге, сақтандыру төлемдері – 825,3 млн. теңге.



Кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 68,6 млрд.теңгеге 11,1 мыңнан астам шағын несие берілді, бұл 9 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Аграрлық секторды қаржыландыруда қаржы институттарын қорландыру маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы бизнесі облыс орталығынан едәуір қашық болғандықтан, қорландыру ауыл тұрғындарының несие өнімдеріне қол жеткізуін айтарлықтай жеңілдетеді. Осылайша, есепті жылы аграрлық секторды дамытуға бағытталған қаражаттың үштен бірінен астамы (34%) несие серіктестіктері арқылы орналастырылды – бұл 110 млрд.теңге. Қаржыландырудың тағы 10%-ы екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға, 4%-ы микроқаржы ұйымдарын қорландыруға тиесілі.

Бүгінгі таңда Қоғам ұсынатын несиелеу шарттары әмбебап болып табылады және ірі бизнесті де, шағын және орта бизнесті де қамтиды. Қоғам мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобаларға несие береді.

Қоғам жүзеге асыратын «Кең дала» бағдарламасы көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын жүргізу бойынша АӨК субъектілерін жеңілдікпен қар-жыландыруға бағытталған.

Стартап жобаларды және ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлердің жобаларын қолдау «Іскер» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарын негізгі құралдарды сатып алуға, жаңғыртуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарына және қайта салуға қаржыландыру Қоғамның меншікті және тартылған қаражат есебінен іске асыратын «Агробизнес» бағдарламасы бойынша жалғасады.



Жалпы, 2022 жылы Қоғам алдына бірнеше басым міндет қояды. Бизнес үдерістерді автоматтандыру шеңберінде шағын несиелер бойынша несиелік өтімді қараудың онлайн жүйесін енгізу жоспарлануда, бұл операциялық тиімділікті арттыруға және қарыз беру уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Несие серіктестіктердің қызметін жетілдіру, бизнес үдерістердің тиімділігін арттыру арқылы екінші деңгейдегі банктермен және микроқаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл механизмдерін оңтайландыру ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің микронесиелерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

2022 жылы аграрлық секторды қаржыландыру көлемін ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл үлкен және маңызды жұмыс, оның нәтижелері ұжымның әр мүшесіне, кәсібилікке, жауапкершілікке және іскерлік қасиеттерге байланысты.

**Құрметпен,
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Басқарма төрағасы**

01

ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ



2021

БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

2022

Сәуір

Қоғамның атқарушы органында кадрлық өзгерістер болды: Қоғамның Жалғыз акционерінің 09.04.2021 ж. № 18/21 шешімімен Басқарма төрағасы болып Айболат Жақсылықұлы Әбенев сайланды.

Маусым

Қазақстан аумағының басым бөлігіндегі қатты құрғақшылықтың нәтижесі бойынша қолдау шаралары ретінде 2021 жылғы маусымнан бастап Қоғам қарыз алушылардың 5,1 млрд. теңге сомасындағы несиелерін өтеу бойынша мерзімін ұзартуды ұсыну жөніндегі іс-шараларды бастады.

Қараша

2021 жылғы 15 қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қоғамның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде және «AA+(kaz)» ұлттық шкаласы бойынша рейтингін растады және рейтинг бойынша болжамын «Негативтен» «Тұрақтыға» арттырды.

Наурыз

2021 жылғы 16 наурызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі Қоғамның несиелік рейтингтерін «Ba1» деңгейінде растады, болжам – «Оң».

2021 жылғы 18 наурызда Қоғам «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ компаниялар тобына қосылды.

Мамыр

19.05.2021 ж. жағдай бойынша Қоғам көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарына бөлінген бюджет қаражаты есебінен 70 млрд.теңгені 2 636 шаруаға берді.

Қыркүйек

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №154 өкімімен Қоғам микроқаржы ұйымдарын қорландыру және агро-өнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы «Бастау Бизнес» жобасына қатысушылар үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруға бағытталған екі жаңа бағытты іске асыру шеңберінде «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы операторларының тізіміне енгізілді.

Желтоқсан

2021 жылғы 13 желтоқсанда Қорды қосу жолымен Қоғамды қайта ұйымдастыру жүргізілді, осыған байланысты Қоғамның қызметі кеңейді және қазіргі уақытта қоғам АӨК субъектілеріне тікелей несиелер беруден және қаржы институттарын қорландырудан басқа микронесиелеу функцияларын, агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласындағы операторды және «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкілдің (агенттің) функцияларын жүзеге асырады!».

02

ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоғам «Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысына сәйкес құрылды.

Пилоттық жоба екі кезеңді қамтыды.
Біріншісі – мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мамандандырылған институтын құру.

Екінші кезеңде республикалық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) жеңілдікті несиелік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында өңірлік қаржы институттары – ауылдық несие серіктестіктер (бұдан әрі – НС) желісін құру көзделді.

Пилоттық жоба сәтті іске асырылды, НС арқылы АШТӨ-ге несие берудің бірегей жүйесі құрылды, ол НС жүйесіне шағын және орта АШТӨ-ге қатысушылар үшін несиелік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз етті. 2006 жылдан бастап Қоғамның қызметі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66-III Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен кеңейтілді.

Қазіргі уақытта Қоғам – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын ірі қаржы ұйымы, ол ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша несие беру бағдарламаларын іске асырады.

2.1 ТАРИХЫ

2001 ЖЫЛ

Қоғамның құрылуы. 132 млн теңге сомасына 7 НС несие берілді, соңғы қарыз алушылар саны – 172.

2002 ЖЫЛ

Алғашқы 18 НС құрылды, оған 833 қатысушы кірді. 929 млн. теңге сомасына 14 НС несие берілді, соңғы қарыз алушылар саны – 344.

2005 ЖЫЛ

Қоғам қоржыны 9,2 млрд теңгеге дейін өсті.

2006 ЖЫЛ

Ауылдық өндірістік кооперативтерді қаржыландырудың басталуы. 12 250,1 млн теңгеге 147 АШК қаржыландырылды.

2009 ЖЫЛ

Инвестициялық жобаларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен несиелеу бағдарламасын іске асыруды бастау. 2009 жылы 6,3 млрд. теңге сомасына 11 инвестициялық жоба қаржыландырылды.

2010 ЖЫЛ

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыру бағдарламасының басталуы.

2011 ЖЫЛ

АӨК субъектілеріне ІҚМ аналық басын және етті тұқымды төлдің өсімін молайту үшін асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды сатып алуға несие беру жөніндегі «Сыбаға» бағдарламасын іске асыруды бастау.

50,6 млрд теңгеге 4 мыңнан астам АШТӨ қаржыландырылды, 272,3 мың ІҚМ басы сатып алынды.

2014 ЖЫЛ

Жылқы және қой шаруашылығын дамыту бойынша мастер-жоспарларды орындау шеңберінде «Құлан» және «Алтын Асық» несиелендірудің жаңа бағдарламалары ашылды.

2016 ЖЫЛ

Қоғам «Кең дала» көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын несиелендіру бағдарламасының бірыңғай операторына айналуға.

МС ИСО 9001:2008 нұсқасы бойынша СМЖ сәйкестік сертификаты алынды.

Жаңа несиелеу бағдарламалары ашылды: «Іскер» ауыл кәсіпкерлеріне несие беру бойынша және «Агротехника» ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға несие беру бойынша.

2017 ЖЫЛ

Қоғамның 2017–2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді.

Несиелеу үдерістері оңтайландырылды: құжаттар тізбесі мен несиелік өтінімдерді қарау мерзімдері қысқартылды; филиалдық желіні қаржыландыру лимиті 1 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды.

Шымкентте «Несие серіктестіктердің I форумы» өтті. Ұйымдастырушылар: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қоғам, АӨК несие серіктестіктерінің қауымдастығы.

2018 ЖЫЛ

2018–2027 жылдарға арналған мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында Қоғам «Сыбаға» несиелеу бағдарламасының операторы болып отыр. Бір жыл ішінде 31,4 мың бас ІҚМ сатып алу қаржыландырылды.

Ауылдағы бизнестің барлық бағыттарын қамтитын 7 несиелік өнім жұмыс істейді.

2019 ЖЫЛ

Қоғам өсімдік шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, мал шаруашылығы, акваөсіру, балық аулау, уыт өндіру саласындағы басым жобаларға несиелеу мен қаржылық лизингті іске асыру бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша операторлардың құрамына кіреді.

2020 ЖЫЛ

Қоғамның 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

Пандемияға байланысты төтенше жағдай кезінде көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарына бөлінген 70 млрд теңге рекордтық 30 күн ішінде 2401 аграрлық қызметкерлерге берілді.

Пандемия салдарына байланысты қиындықтарға тап болған қарыз алушыларға несиелік төлемдерді 7,3 млрд. теңгеге кейінге қалдыру ұсынылды.

Қоғам елдегі төтенше жағдай кезінде жұмыс істейтін 100 медицина қызметкеріне қаржылық қолдау көрсетті.

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Аграрлық несиелеу корпорациясы» АҚ эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін шетелдік және ұлттық валютада «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

2019–2020 жылдары «Қарапайым заттар экономикасы» ШОБ қолдау бағдарламасы бойынша Қоғам 71,4 млрд теңге сомасына 1476 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландырды.



2.2 МИССИЯСЫ, ПАЙЫМДАУЫ



Қоғамның миссиясы

қаржыландырудың қолжетімді және тиімді жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының АӨК-нің тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Көрініс

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ – қызметінің тиімді моделіне ие, қаржыландырудың тұрақты және қолжетімді жүйесін дамыту жолымен АӨК-ні индустрияландыруға, қарқындалуға және әртараптандыруға ықпал ететін АӨК-ні дамытудың негізгі институты.

2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 27.02.2020 ж. шешімімен бекітілген Қоғамның 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы жүзеге асып жатыр.

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ



Ашықтық



Қолжетімділік



Мерзімділік



Тиімділік



Төлемділік

2.3 БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Қоғам «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымы бола отырып, ауылда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыратын несие берудің қолжетімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Қоғам өз жұмысын мынадай қорытындыға сүйене отырып жасады: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді қаржы ресурстарымен қамтамасыз етпей агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мүмкін емес.

Жалғыз акционер: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.



Бюджеттік қаражатқа тәуелділікті азайту мақсатында Қоғам қаржыландыру көздерін әртараптандырып, ішкі капитал нарықтарында қаражат тартады.

Нысаналы бизнес модельде Қоғам қызметінің екі бағыты айқындалған: АӨК субъектілеріне тікелей және тікелей емес несие беру (тікелей емес несие беру – несие серіктестіктердің, екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының, өңірлік инвестициялық орталықтың, лизингтік компаниялардың қаржы институттарын қорландыру).

Қоғам сонымен бірге агроөнеркәсіптік кешенге елеулі әлеуметтік-экономикалық әсері бар инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады.

Қоғам АӨК субъектілеріне мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жеңілдікті шарттары бар несиелеу бағдарламалары негізінде, сонымен қатар, меншікті және тартылған қаражат есебінен қаржыландыруды ұсынады.



AGRO CREDIT
АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

2.4 ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

01 «Кең дала» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін және АӨК субъектілерін көктемгі егіс және күзгі жиын-терін науқанын жүргізуге несие беру:

| Қаржыландыру кезі | Несиеу жолдары | Сыйақы мөлшерлемесі | Қаржыландыру сомасы | Несиеу мерзімі |
|----------------------|--|---|--|--|
| Республикалық бюджет | Тікелей қарыз алушылар / НС / ӨИО / МҚҰ / ЕДБ (маржа 3,5%-дан аспайды) | Жылдық 1,5% (СЖТМ – жылдық 1,5% бастап) | Қоғамның меншікті капиталының 25%-на дейін | тиісті қаржыландыру жылының 1 желтоқсанына дейін |

02 «Агробизнес» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, оның ішінде объектілерді жаңғыртуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарына және қайта салуға несие беру:

| Қаржыландыру кезі | Несиеу жолдары | Сыйақы мөлшерлемесі | Қаржыландыру сомасы | Несиеу мерзімі |
|---|--|---|---|----------------|
| ҚР ҰҚ | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 6% (СЖТМ – жылдық 6% бастап) | қарыз алушыға 50 млн. теңгеден 5 млрд. теңгеге дейін | 12 жылға дейін |
| ҚР ҰБ (20–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде) | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 11,5% (СЖТМ – жылдық 11,5% бастап) | қарыз алушылар тобына 10 млрд. теңге | 10 жылға дейін |
| Меншікті қаражат | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 17% (СЖТМ – жылдық 17% бастап) | қарыз алушыға 5 млрд. теңгеге дейін Қарыз алушылар тобына 10 млрд. теңге | 10 жылға дейін |
| | НС / АИО / МҚҰ / ЕДБ (маржа – 4% артық емес) | Жылдық 13% (СЖТМ – жылдық 13% бастап) | 1 млн. теңгеден Қоғамның меншікті капиталының 25%-на дейін | |
| Республикалық бюджет | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 6% (СЖТМ – жылдық 6% бастап) | қарыз алушыға 5 млрд. теңгеге дейін қарыз алушылар тобына 10 млрд. теңге | 10 жылға дейін |
| | НС (маржа – 3% артық емес) | Жылдық 3% (СЖТМ – жылдық 3% бастап) | 1 млн. теңгеден Қоғамның меншікті капиталының 25%-на дейін | |
| | ЕДБ (маржа – 4% артық емес) | Жылдық 2% (СЖТМ – жылдық 2% бастап) | 1 млн. теңгеден Қоғамның меншікті капиталының 25%-на дейін | |



03

«Іскер» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге несие беру; ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамытуға несие беру:

| Қаржыландыру кезі | Несиеу жолдары | Сыйақы мөлшерлемесі | Қаржыландыру сомасы | Несиеу мерзімі |
|--|--|-------------------------------------|---|---|
| ЖАО қаражаты («Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде) | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 6% (СЖТМ – жылдық 6% бастап) | 8 000 АЕК дейін | 5 жылға дейін - мал шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – 7 жылға дейін |
| | НС / МҚҰ | Жылдық 2% (СЖТМ – жылдық 2% бастап) | Қоғамның меншікті капиталының 500 000 теңгеден 25% – ға дейін ; | |
| | Аз қамтылған және/немесе көп балалы отбасы мүшелері үшін | жылдық 4% артық емес | 8 000 АЕК дейін | 7 жылға дейін |
| ҚР ҰБ (20–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде) | Мемлекеттің қатысуымен МҚҰ | Жылдық 2% (СЖТМ – жылдық 2% бастап) | Қоғамның меншікті капиталының 500 000 теңгеден 25% – ға дейін ; | 10 жылға дейін |
| БҰҰДБ құралдары | Тікелей қарыз алушылар | Жылдық 6% (СЖТМ – жылдық 6% бастап) | 8 000 АЕК дейін | 4,5 жылға дейін |



2.5 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қоғам Қазақстан Республикасының барлық облыс орталығында бар. Қоғамның өңірлік желісі облыс орталықтарында, сонымен қатар республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында орналасқан 17 филиалы бар.

Қоғам 17 филиал арқылы жұмыс істейді.



филиал


03

САЛАНЫ ТАЛДАУ



3.1. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ



Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі 2021 жылы 83 951,6 млрд теңге және 2020 жылмен салыстырғанда нақты мәнде 4,3%-ға ұлғайды.

Сонымен қатар, ауыл, орман және балық шаруашылығындағы жалпы қосылған құнның үлесі 2021 жылы ҚР ЖІӨ-де 5,4%, осылайша 2020 жылғы көрсеткіш деңгейінде сақталды.

ҚР ЖІӨ-ДЕГІ АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖҚҚ ҮЛЕСІ




Дереккөз – Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы

3.2 АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісінің көлемі 2021 жылы қолданыстағы бағаларда 7 550 млрд теңгеге жетті, нақты көлем индексі 97,6%-ға төмендегенін көрсетеді.

А/Ш ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



Дереккөз – Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы

2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісінен өсімдік шаруашылығының үлесі шамалы өсті, тиісінше көрсеткіш 58,1% және 57,8%. Өсімдік шаруашылығы үлесінің өсуі 2019 жылдан бастап байқалады, осы кезеңге дейін өсімдік шаруашылығының үлесі 8 жыл ішінде орта есеппен 44,2%.

Дәнді дақылдарға ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егіс алаңының шамамен 70,3%-ы тиесілі, егіс бойынша екінші орында жем-шөп дақылдары – 13,6%, үшінші орында майлы дақылдар – 13,5%. 2020 жылмен салыстырғанда майлы дақылдар алқаптары айтарлықтай ұлғайды, олар бойынша өсім 6,8%, дәнді дақылдар бойынша өсім 1,4%, бұл ретте жем-шөп дақылдары бойынша егіс алқаптарының 82,4 мың гектарға (3 197,5 мың гектардан 3 114,6 мың гектарға дейін) төмендегені байқалады.

Қазақстан астық пен ұн экспорты бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Негізгі экспорттық өткізу нарықтары Орта Азия елдері, Ауғанстан, Қытай болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы мал шаруашылығының үлесі 2021 жылы 41,3% және 2020 жылға қарағанда 0,7 пайыздық тармаққа төмендеді. Айтарлықтай төмендеу 2018–2019 жж. кезеңінде болды, сол кезде мал шаруашылығының үлесі 53,6%-дан 45%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте номиналды мәнде мал шаруашылығының жалпы өндіріс көлемі бір жылда 493 млрд. теңгеге өсті (өсім 18,8%).


МАЛ САНЫ ОҢ ДИНАМИКАНЫ КӨРСЕТИП ОТЫР, 2020 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

ӨСІМ
+4,4%



2021 жылы ІҚМ жалпы саны – **8,2**
млн. бас

ӨСІМ
+4,1%



2021 жылы қойлардың жалпы
саны – **20,9** млн. бас

ӨСІМ
+11,1%



2021 жылы жылқылардың жалпы
саны – **3,5** млн. бас

ӨСІМ
+6,9%



2021 жылы түйелердің жалпы
саны – **243,4** мың бас

ӨСІМ
+10,5%



2021 жылы құстардың жалпы
саны – **47,9** млн. бас



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ДА 2020 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ОҢ ДИНАМИКА БАЙҚАЛАДЫ

ӨСІМ
+5,3%



сойыс салмақтағы ет өндірісі 2021 жылы 1,2 млн. тонна

ӨСІМ
+3,2%



сүт өндіру 2021 жылы – 6,2 млн


ӨСІМ
+2,5%



жүн өндіру 2021 жылы – 41,2 мың тонна



ШАРУАШЫЛЫҚ САНАТТАРЫ БОЙЫНША ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ А/Ш ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ӨНДІРІСІ




Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісінің құрылымында шаруашылық санаттары бойынша халық шаруашылықтарының үлесі әлі де жоғары, әсіресе бұл мал шаруашылығында байқалады, онда халық шаруашылықтарының үлесі 65%.

Жалпы, ұсақ тауар өндірушілердің жоғары үлесі және олардың бытыраңқылығы өнеркәсіптік ауқымда сапалы өнім өндіруге теріс әсер етеді. Сонымен қатар, бұл фактор төмен қарқындылық пен еңбек өнімділігіне әсер етеді.

Еңбек өнімділігінің төмендігі ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен шығымдылығымен және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігімен, ескірген технологияларды пайдаланумен, сала субъектілерінің инновациялық белсенділігі-

ШАРУАШЫЛЫҚ САНАТТАРЫ БОЙЫНША МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ А/Ш ӨНІМДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ӨНДІРІСІ



нің әлсіздігімен негізделеді. 2021 жылы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 3,4 млн.теңге, бұл ел бойынша еңбек өнімділігі бойынша жалпы көрсеткіштен 2,5 есе аз (8,4 млн. теңге).

Сала түйткілдерін түсіне отырып, мемлекет шетте қалмайды және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының Ұлттық жоспарына сәйкес, Қазақстанның аграрлық саласының алдына 2025 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 1,3 есе, АӨК-дегі еңбек өнімділігін 2,5 есе ұлғайту, өңделген өнім үлесін 70%-ға дейін жеткізу міндетін қойып отыр.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ**

**2021
ЖЫЛ**

3 350, 7

**2020
ЖЫЛ**

3 004, 8

**2019
ЖЫЛ**

2 466, 0

**2018
ЖЫЛ**

2 076, 6

**2017
ЖЫЛ**

1 735, 9

**2016
ЖЫЛ**

1 401, 3

**Дереккөз – Қазақстан Республикасының
Ұлттық статистика бюросы**




Қазақстанның ауыл шаруашылығы ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуды қажет етеді, тозу деңгейінің көрсеткіші орта есеппен 76%, ал жаңарту деңгейі 4,1%.

2021 жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар 773,2 млрд. теңгеге жетті. Орташа жылдық өсу қарқыны 33,3%. Инвестициялар көлемі бойынша ауыл шаруашылығына қосқан үлесі өнеркәсіпке, көлікке және қоймаға және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға қарағанда төмен. 2014–2020

жылдары ауыл шаруашылығына инвестициялар 4,6 есе ұлғайды.

Инвестициялардың негізгі үлесі өсімдік шаруашылығында шоғырланады, оған 2021 жылы барлық инвестициялардың 62%-дан астамы, мал шаруашылығына 25%-ы тиесілі. Өсімдік шаруашылығына салынатын инвестициялардың жыл сайынғы көлемі мал шаруашылығына салынатын қаражаттан 2,5 есе асады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ



Дереккөз – Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспарларына сәйкес **2021 жылдан бастап 2025 жылға дейін Ауыл шаруашылығын қаржыландыруға** шамамен 6 803,0 млрд теңге бағыттау жоспарланып отыр.

ҚР АӨК ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБАДА КӨЗДЕЛГЕН ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАҚ АРҚЫЛЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ, МЛН ТЕҢГЕ

| Дереккөздері | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | ИТОГО |
|--|---------------|---------------|---------------|----------------|----------------|----------------|
| Кейіннен лизингке беру үшін техниканы, жем-шөп дайындайтын техниканы және ұтқыр жүйелерді сатып алуды қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | - | - | 20 000 | 29 700 | 29 700 | 79 400 |
| Агрөнеркәсіптік кешенде сақтандыруды қолдау | 1 024 | - | 735 | 1 000 | 1 000 | 3 759 |
| АӨК субъектілерін қаржыландыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | - | - | - | 30 000 | 30 000 | 60 000 |
| АӨК субъектілерін қолдау бойынша көктемгі егіс және күзгі жиын-терін науқанын қаржыландыру | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 70 000 | 350 000 |
| БАРЛЫҒЫ | 71 024 | 70 000 | 90 735 | 130 700 | 130 700 | 493 159 |

Дереккөз – ҚР АӨК дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба

3.3 САЛАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

АӨК субъектілерін қаржыландырумен барынша қамтуды қамтамасыз ету АӨК субъектілері үшін несиелер ресурстардың қолжетімділігі және АӨК қаржыландыру жүйесіне жеке қаржы институттарының (ЕДБ, МҚҰ, ЛК және НС) қатысу деңгейін арттыру мәселелерін шешуді талап етеді.

2010 жылдан бастап 2014 жылға дейін ауыл шаруашылығында жыл сайын берілетін банк несиелерінің көлемі салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалып отырғанын атап өткен жөн. 2015 жылы ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамына көшуінен және қолжетімді теңгелік өтімділіктің төмендеуінен кейін 2016 жылғы 2,5%-дан 2021 жылы 1,3%-ға дейін күрт құлдырау болды.

2021 жылы ЕДБ жалпы несиелік қоржынынан ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына несиелер сомасы (18 497,7 млрд.теңге) 340,1 млрд. теңге (немесе үлесі 1,8%) болды.

Осылайша, 2020 жылға қарағанда ауыл шаруашылығындағы несиелердің үлесі аздап ұлғайды, ол 1,6%-ға жетті. Сонымен қатар, 2021 жылдың көрсеткішін 2017 жылмен салыстырғанда 3,7 пайыздық тармаққа төмендеу байқалады, бұл ауыл шаруашылығына берілетін несиелер үлесінің 3 есе қысқаруын білдіреді.

ЕДБ арқылы АӨК қарыздарын беру бойынша көрсеткіштер 2021 жылы 4 жылдық төмендеуден кейін қалпына келді және 279 млрд.теңгеге жетті, бұл 2016 жылғы деңгейден 13%-ға жоғары.

ЕДБ тарапынан ауыл шаруашылығын қаржыландырудың өсуі мынадай себептермен тежелуде:

1. ішінара талдау әдіснамасының әлсіздігінен және ауыл шаруашылығы жобаларын қаржыландырудың жинақталған тәжірибесінің жетіспеушілігінен туындаған ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалық қатерлерді консервативтік бағалау;
2. салалық тәуекелдерді хеджирлеудің пәрменді құралдарының жетіспеуі;
3. ауылдық жерлерде кепілмен қамтамасыз етудің төмен өтімділігі, оның ішінде көптеген АШТӨ үшін негізгі кепіл құралы болып табылатын жер нарығының және жер пайдалану құқықтарының әлсіз дамуына байланысты;
4. өтелу мерзімі ұзақ жобаларды қаржыландыру үшін талап етілетін теңгемен ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жетіспеушілігі;
5. Холдингтің еншілес Қоғамдарымен салыстырғанда қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің неғұрлым жоғары болуы;
6. ауылдық жерлерде өңірлік желіні дамытуға және қолдауға арналған жоғары шығындар.

ЕДБ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАҚ, ҚОРДЫҢ АӨК НЕСИЕ БЕРУ КӨЛЕМІ ТОП ІШІНДЕГІ АЙНАЛЫМДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛМАҒАНДА, МЛРД. ТЕҢГЕ



Дереккөз – Қоғам, ҚАҚ, Қор, ҚР ҰБ деректері

ЕДБ Қоғаммен ынтымақтастық арқылы АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуға ынталандырады.

ЕДБ үшін экономикалық ынталандырулар банктердің арзан жеңілдікті қаражат алуынан, сонымен қатар, клиенттік базаны ұлғайту мүмкіндігінен көрінеді. Дегенмен, ЕДБ несиелік тәуекелдердің болуына және ауылдық жерлерде транзакциялардың жоғары құнына байланысты АӨК секторын несиелеуді өз қаражаты есебінен тежейді.



3.4 PEST ТАЛДАУ

САЯСИ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ ФАКТОРЛАР

01 АӨК МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

- Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, ауылдық жерлерде шағын несие беруді кеңейту.

02 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК ЗАҢНАМАСЫН ҚАТАҢДАТУ ЖӘНЕ БАНКТЕРДІҢ БАЗЕЛЬГЕ КӨШУІ III

- Дағдарыс жағдайларында қаржылық шығындардан тәуекелдерді төмендету;
- Банктердің неғұрлым тұрақты қаржыландыру көздерін іздеуі;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік талаптарын орындау үшін банктердің қосылуы.

03 ҚОҒАМҒА ҚАРЖЫ АГЕНТІ МӘРТЕБЕСІН БЕРУ

- Республикалық бюджеттен бюджеттік несиелер міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей тартылуы мүмкін.

04 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

- АӨК саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары мен басымдықтарын өзгерту.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

01 ДСҰ, ЕАЭО, КО, ШЫҒ МҮШЕЛІГІ

- Сыртқы сауданы дамыту арқылы агроөнеркәсіптік кешенді қарқынды дамыту әлеуеті;
- *Шетелдік ауыл шаруашылығы өндірушілері тарапынан бәсекелестікті арттыру;*
- *Аграрлық саясатты мемлекеттік қолдау шараларын қолдану бойынша шектеулерді күшейту;*

02 ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ БАҒАМЫНЫҢ ТЕҢГЕГЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҒЫ

- *Қаржы институттарында ұлттық валюта өтімділігінің төмендеуі;*
- *Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдарының құнын арттыру;*
- *Импортталатын ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығының құнына әсері.*

03 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ӨЗГЕРТУ

- *Қаржы институттарының несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерге әсері.*

ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

- | | |
|---|---|
| <p>01 ХАЛЫҚТЫҢ ӨСУІ, ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ УРБАНДАЛУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Ауылшаруашылық өнімдерін көбейту қажеттілігі; • Еңбекке қабілетті халықтың ауылдық жерлерден кетуі. |
| <p>02 АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қаржылық есептіліктің болмауы немесе сапасының төмендігі; • Ауыл халқының қаржы институттарына деген сенімінің салыстырмалы түрде төмен деңгейі. |
| <p>03 АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІ КІРІСТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ҚЕПІЛДІК БАЗАСЫНЫҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • АӨК субъектілерінің төлем қабілеттілігінің төмендігі; • Қаржыландыру көздерінің төмен қолжетімділігі. |

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

- | | |
|--|---|
| <p>01 АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРГЕ ИНТЕРНЕТТІҢ ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕНУІН АРТТЫРУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Электрондық және онлайн қызметтерді дамыту қажеттілігі. |
| <p>02 АӨК НЕГІЗГІ ҚОРЛАРЫН ЖАҢА RTУҒА ҚАЖЕТТІЛІКТІ ҰЛҒАЙТУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Несиелік өнімдер мен лизингке қажеттіліктің артуы. |
| <p>03 «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • «Жасыл» технологияларды несиелендіру қажеттілігі; • Энергия тиімділігін арттыру. |




04

БИЗНЕСКЕ ШОЛУ




4.1 ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ СЕРПІНІ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КӨРСЕТКІШТЕР



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
РЕЙТИНГІ, %



FITCH RATINGS

| | 2019 | 2020 | 2021 |
|-----------------------------------|------|------|------|
| КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ, % | 88,2 | — | — |
| FITCH RATINGS | BB+ | BBB- | BBB- |



4.2 ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

2021 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ екі стратегиялық бағыт аясында 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын жүзеге асырды.

Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуді және тиімді іске асырылуын бақылау ету үшін 2021 жылға арналған операциялық іс-шаралар жоспары қолға алынды.

01. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды ұлғайту, қаржы институттарының институционалдық жетілуіне және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу.

| Қызметтің негізгі түйінді көрсеткіштері | 2020 (НАҚТЫ) | 2021 (ЖОСПАР) | 2021 (НАҚТЫ) |
|--|--------------|---------------|--------------|
| Қоғамды қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде АӨК несие беру көлемі, млрд. теңге | 277,3 | 251,9 | 253,9 |
| 2. Ауыл шаруашылығында және тамақ өнімдері өндірісінде негізгі құралдарды сатып алуға несие беру көлемі, млрд. теңге, оның ішінде: | 155,3 | 136,1 | 137,4 |
| Ауыл шаруашылығында негізгі құралдарды сатып алуға несие беру көлемі, млрд. теңге | 146,1 | 134 | 135 |
| Тамақ өнімдерін өндіруде негізгі құралдарды сатып алуға несие беру көлемі, млрд. теңге | 9,2 | 2,1 | 2,4 |
| Қоғамды несиелеудің жалпы көлеміндегі қаржы институттарын қорландыру үлесі, кемінде, % | 54 | 55 | 60,7 |

1.1 МАҚСАТ АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ҚАМТУДЫ ҰЛҒАЙТУ

Міндеттерді іске асыру

Қоғам бағдарламалары бойынша және қаржы институттары қаражаты есебінен НС, МҚҰ, ӨИО, ЕДБ, ЛК арқылы қаржыландыру алған АӨК субъектілерінің үлесін ұлғайту

2021 жылы Қоғам жалпы сомасы 253,9 млрд. теңгеге 8 532 АШТӨ қаржыландырды, оның ішінде 99,7 млрд. теңге сомаға 1 458 АШТӨ-ні тікелей несиелеу арқылы, қаржы институттары арқылы – 154,2 млрд. теңге сомаға 7 074 АШТӨ, оның ішінде: НС арқылы-110,0 млрд. теңге сомаға 4 730 АШТӨ, ЕДБ – 31,8 млрд. теңге сомасына 116 қарыз алушы, МҚҰ (оның ішінде: ӨИО) – 12,4 млрд.теңгеге 2 228 АШТӨ. Жоспардың орындалуы 101% (251,9 млрд.теңге).

Міндеттерді іске асыру

АӨК субъектілерін қаржыландыру құралдарын кеңейту және дамыту

Корпорация АӨК саласына тиімді шартта – төмен пайыздық мөлшерлеме және ұзақ мерзімге несие береді. Сол арқылы ҚР азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға жәрдемдеседі. Аграрлық несие корпорациясының негізгі клиенттері шалғай ауылдық жерлерде тұрады. АӨК субъектілерін несие қаражатымен қамтуды кеңейту мақсатында корпорация

түрлі қаржы құралдарын қолданады: несиелері, микроқаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар сияқты қаржы институттарын тікелей несиелеу және қорландыру. 2021 жылы Корпорация қаражатының 60,7% қорландыру құралдары арқылы берілді.

Аграрлық несиелер корпорациясында жеңілдетілген несиелерді ауыл тұрғындарына берудің тиімді құралының бірі ауылдық жерлердің 98%-ын қамтитын несиелерді қорландыру болып табылады. НС қаражатының көпшілігі «Кең дала», «Агробизнес» және «Іскер» бағдарламалары шеңберінде бөлінді.

«Кең дала» негізгі бағдарламасы бойынша көктемгі егіс жұмыстары несиелендіріледі. Соңғы қарыз алушы 5% несиелендіреді.

Бұдан басқа, Корпорация «Агробизнес» бағдарламасы бойынша несиелендіреді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің барлық қызметі техника мен мал сатып алуды қоса алғанда, осы бағдарлама бойынша қаржыландырылады. Көптеген бағытты мемлекет субсидиялайды. Мәселен, несиелендіру бойынша сыйақы мөлшерлемелері:

- айналым қаражатын толықтыруға берілетін 5%-ға мемлекет субсидиялайды, яғни жылдық 17% мөлшерлеме кезінде (оның ішінде НС маржасы 4%-дан аспайды), соңғы қарыз алушы тек 12% төлейді;
- техника мен негізгі құралдарды сатып алуға берілетін қаражатты мемлекет 10%-ға субсидиялайды, яғни жылдық 14% мөлшерлеме кезінде (оның ішінде НС маржасы 4%-дан аспайды), соңғы қарыз алушы тек 4%-ды ғана төлейді.

«КЕҢ ДАЛА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕГІС АЛҚАПТАРЫН ҚАМТУ

| Индикатив | 2020 | | 2021 | | 01.01.2022ж. нарық көрсеткіштері | 2021 жылғы алаңдарды қамту |
|-------------------------|--------|-------|--------|-------|-------------------------------------|----------------------------------|
| | Жоспар | Нақты | Жоспар | Нақты | | |
| АШТӨ саны | 2 400 | 2 401 | 2 400 | 2 636 | - | - |
| Оның ішінде жаңа | 300 | 391 | 240 | 737 | - | - |
| Ауданы, мың га | 3 000 | 3 689 | 3 000 | 3 659 | 22 925,7 | 16,0% |

Аграрлық несиелер корпорациясы ШОБ сегментін дамытуға ерекше көңіл бөледі, «Іскер» бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуге, ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы бизнесін дамытуға, оның ішінде НС желісі бойынша 10,3 млрд. теңге жылдық 6% мөлшерлемемен 12,5 млрд. теңге және 2,2 млрд. теңге МҚҰ желісі бойынша берілді. Оның ішінде стартап жобаларды іске асыруға 3,9 млрд.теңгеге 820 қарыз берілді, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге (3 жылдан аз) 1,9 млрд. теңгеге 446 қарыз берілді, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге 6,7 млрд. теңгеге 1145 қарыз берілді.

2021 жылы Қоғам «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде көктемгі егіс пен күзгі жиын-терін науқанына 6,0 млрд. теңгеге 128 АШТӨ, оның ішінде ҚР Ұлттық Банкінің қаражаты есебінен 3,3 млрд. теңге және 2,7 млрд. теңге меншікті және 256 мың га алаңда жұмыс жүргізу үшін тартылған қаражат есебінен қаржыландырды.

Қарыз алушыларға айналым қаражатын толықтыруға берілді, АШТӨ үшін соңғы мөлшерлеме субсидиялауды ескере отырып жылдық 6% (субсидияланады – жылдық 9%), несиелеу мерзімі 1 жылға дейін.

1.2 МАҚСАТ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨСУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

Қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі 1 қызметкерге 4 854,6 мың теңгені немесе жоспарлы мәннің 125,8%.

Міндеттерді іске асыру

Озық инновациялық технологияларды енгізуді көздейтін зәкірлік жобаларды қаржыландыру

Аграрлық несиелік корпорациясының қаржыландырудағы басым бағыттар өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласындағы жобалар болып табылады. Сонымен қатар, АӨК саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылды, оның ішінде құс фабрикалары, асыл тұқымды репродукторлар, жылыжайлар, тауарлы-сүт фермалары, интенсивті бақтар, ет өңдеу кешендері және т.б. Қоғам 2021 жылы озық инновациялық технологияларды енгізуді көздейтін 19 инвестициялық жобаны қаржыландырды.

- Тауарлы-сүт фермаларын құру жобаларында сауу залын пайдалана отырып, малды байлаусыз ұстау технологиясы пайдаланылады.
- Жылыжай шаруашылықтарында өсімдіктер гидропоникада өсіріледі, метеостанция, бұлтты жүйе, дренаж, автоматты суару жүйесі, тыңайтқыштар беру, климаттық бақылау қолданылады.
- Май өндіру жобаларында цехтар арасында өнімді беру бойынша автоматтандырылған желілер пайдаланылады. Қабыршақтың қалдықтары (күнбағыс қабығы) бу шығару үшін қолданылады, бұл өз кезегінде өндірісті нәрлендіреді.
- Егістіктерді суару үшін механикаландырылған суарудың инновациялық технологиясы бар дөңгелек жаңбырлатқыш машиналар пайдаланылады, жаңбырдың біркелкі таралуының жоғары дәрежесі шашыранды сумен және тыңайтқышпен бір мезгілде беруге мүмкіндік береді.
- Құс фабрикаларын құру жөніндегі жобаларда құстарды еденде күтіп-бағу пайдаланылады, азықтандырудың, суарудың, өлшеудің, үй-жайларда тиісті микроклиматты қамтамасыз етудің технологиялық үдерістері, әлемдік өндірушілердің жоғары технологиялық жабдығын қолдана отырып қалдықтарды қайта өңдеу автоматтандырылған.
- Жеміс-көкөніс өнімдерін терең мұздату және сақтау өндірісін құру кезінде ультра төмен температураның әсерінен көкөністерді соққыға мұздату технологиясы қолданылады, бұл өнімнің сапасына оң әсер етеді (мұздатылған көкөністер дәрумендерді – 90%-ға дейін, микроэлементтер – 100%-ға дейін сақтайды).
- Интенсивті алма бақтарын салу кезінде тамшылатып суару жүйелері қолданылады.

1.3 МАҚСАТ АӨК-ДЕГІ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ

Міндеттерді іске асыру

НС институционалдық жетілуін арттыру

2021 жылы НС қатысушыларына қаржылық қызметтерді ұсынуда қамтудың және НС несиелік қоржынының сапасын жақсартудың оң серпіні байқалады. Атап айтқанда, НС несиелік қоржыны 12,9%-ға өсті (213,8 млрд. теңгеден 241,5 млрд. теңгеге дейін), Қоғам алдында міндеттемесі бар түпкі қарыз алушылар саны 3,5%-ға өсті (22 672-ден 23 461-ге дейін).

Жеңілдетілген несиелеудің негізгі клиенттері ауылдық жерлердегі АӨК субъектілері. АӨК субъектілерін жеңілдікпен қаржыландырумен барынша қамту «Агробизнес», «Іскер» және «Кең дала» бағдарламалары бойынша НС және МҚҰ қорландыру арқылы жүзеге асырылды.

206 несиелік серіктестіктің 191-і лицензия алды, ал лицензия алмаған 15 несиелік серіктестіні проблемалық қарыздар қоржынында тұр.

Қоғам НС рейтингін анықтау және беруге қатысты ішкі нормативтік құжаттарды, несиелік комитеттер өкілеттіктерінің тізілімін, несиелеуге және ревизиялық тексерулер жүргізуге қатысты рәсімдерге өзектендірді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында Үкімет екінші бағытта 2020–2021 жылдарға

арналған Жұмыспен қамту жол картасына өзгерістер енгізді. Оны іске асыруға 2021 жылы отандық тауарлар, көрсетілетін қызметтер өндірісін дамыту және жұмыс орындарын құру үшін қаражат түскен сәттен бастап 12 ай игеру мерзімімен 22 500 млн.теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

Кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін ЖАО Қоғамды несиелеу жөніндегі өңірлік ұйым ретінде, ал мемлекеттің қатысуымен микроқаржы ұйымдарын (ҰКП үлесі – 51% және ЖАО – 49%) түпкі қарыз алушыларды қаржыландыратын жалғыз институт ретінде айқындады. Осылайша, ЖАО «АНК» АҚ-ға жылдық 0,01% мөлшерлеме бойынша 10 жылға дейінгі мерзімге бюджеттік несие береді. МҚҰ қорландыру 10 жылға дейінгі мерзімге жылдық 2% мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады. МҚҰ-ның түпкі қарыз алушысы үшін шағын несие жылдық 6%-бен максималды 7 жылға дейінгі мерзімге, қарыз 8 мың АЕК-ке дейін беріледі.

02. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Қызметтің тиімділігін арттыру

| Қызметтің негізгі түйінді көрсеткіштері | 2020 (НАҚТЫ) | 2021 (ЖОСПАР) | 2021 (НАҚТЫ) |
|---|--------------|---------------|--------------|
| <i>НС қоржыны бойынша NPL</i> | 2,7 | 3 | 1,66 |
| <i>NPL 90+</i> | 5,4 | 6,9 | 5,4 |
| <i>Бюджет қаражаты көлемінің бюджеттен тыс тартылған қаражатқа арақатынасы</i> | 1 : 0,65 | 1:0,59 | 1: 0,61 |
| <i>Несие қоржыны бойынша қалыптастырылған резервтердің оңтайлы деңгейін мына %-дан аспайтын деңгейде ұстау, %</i> | 12,1 | 12,9 | 11,7 |
| <i>Несиелеудің негізгі үдерістерін автоматтандыру деңгейі, %</i> | 40 | 70 | 83,8 |

2.1 МАҚСАТ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Міндеттерді іске асыру

Капиталдың ішкі және халықаралық нарықтарында қаражат тарту

Қоғам 2021 жылы 207,5 млрд. теңге тартты, оның ішінде:

- бюджеттік қаражат, сомасы 128,6 млрд. теңге (70,0 млрд. теңге – көктемгі егіс және күзгі жиын-терін жұмыстарын жүргізуге бюджеттік несие, 22,5 млрд. теңге – 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде ЖАО қаражатынан; 18,6 млрд. теңге – ҚР ҰҚ қаражатынан, 12,5 млрд. теңге – ЖАО қаражатынан. «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде, 5 млрд. теңге – «Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде АӨК жобаларын қаржыландыру үшін ҚР Ұлттық Банкінің қаражатынан);
- -78,9 млрд. теңге сомасында коммерциялық қаражат.

Міндеттерді іске асыру

Проблемалық жобалардың санын азайту бойынша іс-шаралар өткізу

Басқарманың 23.02.2021 жылғы № 13 шешімімен проблемалық қарыздар қоржыны бойынша берешекті өтеудің 2021 жылға арналған 9 776,1 млн.теңге мөлшеріндегі жоспары бекітілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өтеу жоспарының орындалуы 9 503,9 млн. теңгені немесе 97%-ды құрады, оның ішінде:

- 2 864,7 млн. теңге сомасына 86 жоба толығымен өтелді;
- 6 868 млн. теңге сомасына қазіргі қоржынға 74 жоба берілді;
- 435,5 млн. теңге сомасына 8 жоба есептен шығарылды;

5 несие серіктестігі сауықтырылды, 2 несие серіктестігі бойынша несие берешегі толық көлемде өтелді.

Қоғамның проблемалық инвестициялық жобалары бойынша 988,8 млн.теңге мөлшерінде өтеу жүргізілді.

Бұдан басқа, тоқтап тұрған проблемалық жобалармен жұмыс шеңберінде мониторинг департаментімен бірлесіп тұрақты негізде жобаларды оңалту бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Осы жұмыс шеңберінде инвестициялық тартымдылығы бар проблемалық жобалардың пулы (тізбесі) қалыптастырылды, олар бойынша әлеуетті инвесторларды тарту үшін таныстырылымдар әзірленді.

2.2 МАҚСАТ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ

Міндеттерді іске асыру

Негізгі бизнес - үдерістер мен ұйымдық құрылымның тиімділігін арттыру

2021 жыл ішінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде ішкі нормативтік құжаттар әзірленді:

- тәуекелдерді басқару (ТБЖ) және ішкі бақылау (ІБЖ) бойынша Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары Холдингтің үлгі құжаттарына сәйкес келтірілді. Тәуекелдерді басқару ережелері және бизнес үдерістерді, оларға тән тәуекелдер мен бақылауды анықтау әдістемесі әзірленді.

Әдістеме бизнес үдерістерді, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістерін, бақылау рәсімдері/ іс-шаралары, бизнес үдерістердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын әзірлеу айқындалатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері өзін-өзі бағалауын жүргізуді қамтиды.

Әдістеменің талаптарына сәйкес болу мақсатында Қоғамда бизнес үдерістердің, тәуекелдер мен Қоғамның бақылауларының матрицасын қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Холдингтің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 38/21 шешімімен бекітілген АШҚҚҚ-ны Қоғамға қосу жөніндегі Жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) орындау шеңберінде қосылуды жүзеге асыру кезінде Қоғамның ұйымдық құрылымы қайта қаралды.

Микронесиелеу жөніндегі функциялардың үздіксіз болуын және АШҚҚҚ қоғамға қосылу кезінде үздіксіз жұмыс сапасын қамтамасыз ету мақсатында штат саны 505 бірлік болған кезде 345 дана бірлік (32%-ға азайтумен), оның ішінде орталық аппараттың штат саны 110 дана болған кезде ауыстыру 45 дана бірлікті (60% – ға азайтумен), ал орталық аппараттың штат саны 345 дана бірлікті (32% – ға азайтумен) ауыстырды, филиалдардағы штат саны кезінде – 395 дана бірлік, АШҚҚҚ жалпы санынан 300 дана бірлік (25% азайтумен) ауыстырылды.

АШҚҚҚ Қоғамға қосылғаннан кейін көрсетілген өзгерістерді ескере отырып, 2021 жылғы 14 желтоқсаннан бастап Қоғамның штат саны 731 бірлікке жетті, оның ішінде орталық аппараттың саны – 209 бірлік, филиалдардың саны – 522 бірлік.

Міндеттерді іске асыру

Мобильді және ықшам Холдингті құруға қатысу

Жалғыз акционер – Холдинг басқармасының 07.12.2021 жылғы № 65/21 шешімімен оған АШҚҚҚ қосылу жолымен Қоғам қайта құрылды. Жалғыз акционердің Холдинг басқармасының 13.12.2021 жылғы № 66/21 шешіміне сәйкес Қоғам табыстау актісіне сәйкес, АШҚҚҚ-ның барлық мүлкінің, құқығы мен міндетінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

Жалғыз акционер – Холдинг басқармасының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімімен Холдингке

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларын Қоғам акцияларын төлеуге беру жөніндегі жол картасы мақұлданды.

Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылғы 27 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойды, көрсетілген заңмен заң күшіне енген «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг» ұғымын кеңейту бөлігінде 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер енгізілді. Одан әрі іс-шаралар Жол картасына сәйкес жүргізіледі.

Міндеттерді іске асыру

Негізгі бизнес үдерістерді автоматтандыру

Қоғамның негізгі корпоративтік ақпараттық жүйесі (2017 жылдан бастап) операциялық күн қағидаты бойынша жұмыс істейтін 1С Кәсіпорын 8.3 платформасында (бұдан әрі – КАЖ 1С) несиелендіруді басқару жүйесі болып табылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша негізгі бизнес үдерістерді автоматтандыруға жоспарланған 37 процестің 31-і автоматтандырылды (83,8%).

2021 жылға арналған автоматтандыру бойынша негізгі міндеттер мыналар болды: ERP 1С жаңғырту, BPM SimBase бизнес үдерістерін басқару жүйесін енгізу, сонымен қатар, Қор мен Қоғамның есептік/банктік жүйелерін біріктіру.

2.3 МАҚСАТ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ САПАСЫ МЕН АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ

Міндеттерді іске асыру

Корпоративтік басқару рейтингін арттыру

Қоғамның ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарында және бюджетінде корпоративтік басқаруды диагностикалау көзделмеген.

2022 жылы тәуелсіз компанияны тарта отырып, корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізу жоспарлануда.

2019 жылы жүргізілген диагностиканың қорытындысы бойынша Қоғамның корпоративтік басқару деңгейі 88,2.

Міндеттерді іске асыру

Адами ресурстарды дамыту

Қоғам 2021 жылы қызметкерлердің 2020 жылғы қызметінің қорытындыларын кешенді бағалау жөніндегі іс-шараларды жүргізді, оның нәтижелері бойынша лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін ескере отырып, Қоғамның бекітілген грейдтері мен еңбекақы төлеу қоры шеңберінде оң бағаланған қызметкерлердің лауазымдық жалақысы қайта қаралды.

Адами ресурстарды дамыту және қызметкерлерді ынталандыру мақсатында, сонымен қатар Қоғамдағы корпоративтік рухты дамыту үшін қызметкерлердің біліктілігін арттыру, мемлекеттік және кәсіптік мерекелерді тойлау бойынша корпоративтік іс-шараларға қатысу, жұмыс берушінің есебінен қызметкер ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруды ұсыну бойынша іс-шаралар өткізіледі.

2021 жылғы 15 қаңтарда Басқарма төрағасы бекіткен Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың 2021 жылға арналған жоспарын іске асыру шеңберінде 2021 жыл ішінде оқыту іс-шараларына 128 қызметкер, оның ішінде орталық аппараттың 116 қызметкері және филиалдардың 36 қызметкері қатысты.

Қызметкерлердің эмоционалды күйзелісін болдырмау үшін еңбек ресурстарын тиімді пайдалану бақыланады және тиісті шаралар уақытылы жүргізіледі. 2021 жылы ЕУ компаниясы жүргізген Қоғам қызметкерлерінің тартылуы мен қанағаттануын зерттеу нәтижелері бойынша Қоғам бойынша тартылу мен қанағаттанудың біріктірілген мәні 0,71 (немесе 71%), бұл араласуды қажет етпейтін персоналдың тартылу деңгейінің оң аймағына теңеседі.



4.3 ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

ТЕҢГЕРІМНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ

| Активтер | 2021 г.* | 2020 г.* |
|--|-----------------|-----------------|
| <i>Ақша қаражаты және оның баламалары</i> | 102 853 | 75 643 |
| <i>Банктерге берілген несиелер</i> | 12 708 | 14 942 |
| <i>Клиенттерге берілген несиелер</i> | 665 016 | 449 227 |
| <i>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек</i> | 9 627 | – |
| <i>Сатуға арналған ретінде жіктелетін активтер</i> | 1 602 | 3 409 |
| <i>Инвестициялық бағалы қағаздар</i> | 839 | 670 |
| <i>Инвестициялық жылжымайтын мүлік</i> | 3 129 | 438 |
| <i>Негізгі құралдар</i> | 1 426 | 315 |
| <i>Материалдық емес активтер</i> | 625 | 245 |
| <i>Басқа активтер</i> | 8 660 | 2 650 |
| Активтер жиыны | 806 485 | 547 539 |

| Міндеттемелер | 2021 г.* | 2020 г.* |
|---|-----------------|-----------------|
| <i>Акционер алдындағы берешек</i> | 94 260 | 164 128 |
| <i>Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек</i> | 166 814 | 44 770 |
| <i>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</i> | 196 654 | 164 197 |
| <i>Басқа міндеттемелер</i> | 78 067 | 14 706 |
| Міндеттемелер жиынтығы | 535 796 | 387 801 |

| Меншікті капитал | 2021 г.* | 2020 г.* |
|---|-----------------|----------------|
| Акционерлік капитал | 254 367 | 167 810 |
| Резервтік капитал | 11 238 | 5 340 |
| Жинақталған шығындар | 5 085 | 13 412 |
| Меншікті капиталдың жиыны | 270 689 | 159 738 |
| Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен) | 1 066,85 | 948,65 |

* 2021 жылғы аудиттелген қаржылық есептілік деректеріне сәйкес

КІРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІҢ ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ

| | 2021 г.* | 2020 г.* |
|--|-------------|-------------|
| Кірістер, барлығы. Оның ішінде: | 78,3 | 69,6 |
| <i>сыйақылар түріндегі кірістер</i> | 78,3 | 69,6 |
| Шығыстар, барлығы. Оның ішінде: | 67,4 | 46,9 |
| <i>сыйақылар бойынша шығыстар</i> | 40,1 | 32,2 |
| <i>резервтер құру бойынша шығыстар</i> | 0,08 | 4,1 |
| <i>операциялық шығыстар</i> | 7,0 | 5,8 |
| <i>басқа да шығыстар</i> | 20,3 | 4,9 |
| КТС | 2,2 | 4,1 |
| Таза табыс | 8,7 | 18,6 |

* 2021 жылғы аудиттелген қаржылық есептілік деректеріне сәйкес

Есепті жылдың қорытындысы бойынша Қоғам оң қаржылық нәтижелер көрсетті.

2021 жылы Қоғамның активтері өткен жылмен салыстырғанда 47%-ға, меншікті капитал 69%-ға, жай акцияларды орналастыру арқылы жарғылық капиталдың ұлғаюына байланысты өсті:

- Акционер Басқармасының 2021 жылғы 04 наурыздағы №9 шешімі бойынша;

- Акционер Басқармасының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №65/21 шешімі бойынша («Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ны Қоғамға қосу жолымен қайта ұйымдастыру).

8,7 млрд.теңге сомасында таза кіріс алынды, өткен жылмен салыстырғанда төмендеу берілген және алынған қарыздар бойынша дисконтты бастапқы тану бойынша есепке алудың өзгеруімен түсіндіріледі.

2021 жылы 2020 жылға 13,76 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер төленді.

Қазіргі өтімділік коэффициенті 3,53, бұл Қоғамның қазіргі міндеттемелерін уақытылы өтеу қабілетін көрсетеді.

Қаржылық леверидж коэффициенті 1,98 құрады (коэффициенттің белгіленген мәні – 7).

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

01 КАПИТАЛДАНДЫРУДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

- Теңгерім құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Қоғам активтерінің 34%, бұл Жалғыз акционер тарапынан және Қоғамның пайдалы қызметі тарапынан қолдау көрсетілетінін куәландырады.

02 ӨТІМДІЛІКТІҢ ҚОЛАЙЛЫ ДЕҢГЕЙІ

- Қоғам несие қоржынының тұрақты өсуін қамтамасыз ету және несие берушілер алдындағы міндеттемелерін тиісінше орындау үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін ұстап тұрады. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтімді активтердің үлесі 13%.

03 ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

- Қоғамда несие тәуекелдерін және өтімділік тәуекелдерін уақытылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

04 ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ НОРМАТИВТЕРДІ САҚТАУ

- Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген пруденциялық нормативтерді және агро-өнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтайды. Қоғам белгіленген нормативтерді бұзуға жол бермеу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

ҚОҒАМНЫҢ САТЫП АЛУЛАРЫ

Компанияның барлық сатып алулары, сонымен қатар кейіннен сатып алу шарттарын жасасу 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап сатып алу веб-порталы арқылы электрондық тәсілмен ғана жүзеге асырылады.

Сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру және өнім берушілермен тікелей байланысты болдырмау мақсатында Қоғам келесі қағидаларды ұстанады:

1. сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
2. өнім берушілердің коммерциялық құпияға құқықтары және (немесе) заңды мүдделері сақтала отырып (тендер қорытындылары шығарылғанға дейін) сатып алу процесінің ашықтығы мен

айқындығы;

3. әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасындағы сөз байласуға жол бермеу;
4. сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
5. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
6. отандық тауар өндірушілерге, жұмыстар мен отандық қызмет көрсетушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтіндей шамада қолдау көрсету;
7. инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
8. заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
9. сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік нысандарына құқықтарды сақтау.

2021 жылы 2 151 шарт жасалды. 2021 жылы Қоғамның тауарлары мен қызметтерін сатып алудағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 83,5%-ды болды.

2021 ЖЫЛЫ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ, %



4.4 ОПЕРАТОРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТТЕР



СУБСИДИЯЛАУ

Қоғамды қаржыландыру желісі бойынша АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдау мынадай құжаттар шеңберінде субсидиялау арқылы жүзеге асырылады:

1. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне несиелену, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасын мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау қағидалары.

САҚТАНДЫРУ

Қордың қосылуы шеңберінде 2021 жылы Қоғамға агроөнеркәсіптік кешендегі ерікті сақтандыру жүйесін іске асыру шеңберінде Қордың функциялары берілді.

2021 жылы ұсақ қара малды, жылқыларды, құстарды сақтандыру бойынша, сонымен қатар өсімдік шаруашылығында күздік дақылдар үшін топырақтағы ылғал тапшылығынан және жайылым биомассасы тапшылығы индексінен сақтандыру бойынша жаңа сақтандыру өнімдері бекітілді.

Есепті жыл барысында АӨК саласында 163 сақтандыру шарты жасалды, оның ішінде өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру бойынша 118 шарт жасалып, 150,6 мың гектарды қамтыды, мал шаруашылығында 37 шарт жасалды, 6,6 мыңнан астам бас мал сақтандырылды. Құс шаруашылығындағы 8 шарт 2,6 млн. бас құсты сақтандырды. Сақтандыру сыйақысын субсидиялау сомасы 242,6 млн. теңгені, сақтандыру төлемдері – 825,3 млн. теңге болды. Өсімдік шаруашылығында жасалған шарттар шеңберінде жаздық дақылдар үшін топырақтағы ылғалды индекстік сақтандыру және күздік дақылдар үшін топырақтағы ылғалдылық тапшылығынан индекстік сақтандыру шарттары көзделген.

ҚОҒАМНЫҢ САҚТАНДЫРУ ӨНІМДЕРІ БОЙЫНША АҚПАРАТ

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА



ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА




АУЫЛ ИПОТЕКАСЫ

Қордың қосылуы шеңберінде 2021 жылы Қоғамға «Дипломмен-ауылға!» бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкілдің (агенттің) функциялары берілді.

2021 жылы ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несиелер беру жөніндегі сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде Қоғам 4 383 қарыз шартын жасады, олар бойынша 18 546 млн.теңге сомасында қаражат аударылды.

Осы бағдарлама бойынша қарыздар қоржыны 01.01.2022 жылы 85,6 млрд теңге болды, өткен жылмен салыстырғанда қоржындар 12,8%-ға өскен. 2021 жылдың соңына қарай белсенді қарыз алушылардың саны 35 949 клиентке жетті. Өңірлер бойынша қоржынның ең көп үлесі Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласына тиесілі, ең аз үлесін Түркістан және Атырау облыстары алады.

АУЫЛДЫҚ ИПОТЕКА БОЙЫНША НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫ, МЛН ТЕҢГЕ



05


ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және бақылауға ықпал ететін тұрақты процесс болып табылады, сондай-ақ Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесін тәуекелдер және тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты кірістілік пен тәуекелдер деңгейі арасындағы оңтайлы теңгерімді табу, сонымен бірге стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.



5.1 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ (ТБКЖ)



Тәуекелдерді басқару удерісіне қатысушылардың функциялары Қоғамның сайтында ашық қолжетімді «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ тәуекелдерді басқару саясатымен анықталған.

Қоғам бірқатар құралдардың көмегімен өз тәуекелдерін уақытылы анықтайды, өлшейді, мониторинг жүргізеді және бақылайды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

- тәуекелдер бойынша деректер базасын жүргізу;
- тәуекел иелерінің өзін-өзі бағалауын жүргізу;
- тәуекелдің негізгі индикаторларының мониторингі;

- тізілімді және тәуекелдер картасын қалыптастыру;
- қоғамның жүйесі, процестеріндегі жаңалықтарды және/немесе өзгерістерді бағалау;
- тәуекелдер бойынша есептілік;
- қызметтік тергеулер Қоғамы бөлімшелерінің тексерулері бойынша аудиторлық есептердің нәтижелерін талдау және деректер базасына енгізілген операциялық тәуекелдерді анықтауға арналған басқа да дереккөздер/есептер.



01 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР

Қоғамда COSO ERM: 2017 және ISO 31000:2018 халықаралық стандарттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару – тәуекелді ескере отырып, ұйымның стратегиялық мақсаттарын анықтауға және оған қолжеткізуге бағытталған мәдениеттің, мүмкіндіктердің, тәжірибелердің және үйлестірілген іс-қимылдардың жиынтығы.



02 ҚОҒАМНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Қоғамның қызметі тәуекелдер тізілімінде бағаланған, санаттарға топтастырылған және тәуекелдер картасында орналасқан 19 тәуекелге ұшырайды.

- Қызыл аймақта – 3 қауіп;
- Қызғылт сары аймақта – 7 қауіп;
- Сары аймақта – 6 қауіп;
- Жасыл аймақта – 3 қауіп

COSO ERM: 2017
ISO 31000:2018

Тәуекелдің негізгі индикаторлары

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдер тіркелімі
Тәуекелдер картасы

Тәуекелдерді азайту

03 ҚОҒАМДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Қоғамның тәуекелдер картасының маңызды және сындарлы аймағындағы тәуекелдер бойынша тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) әзірленді. Барлығы 12 ТНИ әзірленді, олар бойынша Қоғамның уәкілетті органына одан әрі ұсыну үшін мерзімді негізде ТНИ көрсеткіштерінің ағымдағы деңгейі туралы есеп жасалады.

04 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қоғам тәуекелдер тізілімі шеңберінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. 2021 жылға арналған Іс-шаралар жоспары барлық тәуекел топтары бойынша белгіленген орындау мерзімдері бар 93 іс-шараны қамтыды. Тәуекел иелері тоқсан сайынғы негізде іс-шаралардың орындалуы бойынша есеп береді.



5.2 2021 ЖЫЛЫ АНЫҚТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР



- Қолайлы шарттарда қаржыландыруды тартудағы қиындықтар
- Несие беру жөніндегі жоспарларды орындамау
- Қоғамның белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізбеуі

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР



- Персоналды басқару бойынша тәуекелдер
- Бизнес үдерістердің тәуекелі
- Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері, оның ішінде бағдарламалық және аппараттық қамтылымның істен шығуы)
- Үдерістерді автоматтандырудың болмауы/ төмен дәрежесі
- Есептілікті дұрыс емес және уақтылы ұсынбау тәуекелдері
- Әкімшілік-шаруашылық тәуекелдер
- Сыртқы тәуекелдер

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР



- Өтімділіктің бұзылу тәуекелі
- Валюталық тәуекел
- Пайыздық тәуекел

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР



- Контрагент банктердің несиелік тәуекелі
- Несиелік қоржын сапасының едәуір нашарлауы
- Кепілзаттық қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендеу/жоғалу тәуекелдері

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР



- Комплаенс тәуекелдер
- Ковенанттардың және ҚР ҰБ пруденциалдық нормативтерінің орындалмау тәуекелі
- Құқықтық тәуекелдер

2021 жылға арналған тәуекелдер тізілімі қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам кездесетін 19 тәуекелді қамтиды.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер шеңберінде 2021 жылы деректер мен басқа да тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленіп, өткізілді, тәуекелдердің иелері бекітілді, негізгі индикаторлар айқындалды, Қоғамның басқармасы мен Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша есептілік дайындалып, ұсынылды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды Қоғамның Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

5.3 2021 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ БӨЛІГІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР



Жартыжылдық және жылдың 10 айының нәтижелері бойынша қаржылық есептілікті аудиторлық тексеру резервтерді толық қалыптастырмай аяқталды. ТБЖ-ға ескертулер жоқ;



Қоғамның рейтингі бойынша болжам «негативтен» (16.03.20) «тұрақтыға» (15.11.21) артты;



2021 жылғы салықтық тексеру қалыптастырылған провизиялар бойынша сомалардың толық расталуымен аяқталды, айыппұлдар мен қосымша төлемдер жүргізілген жоқ;



Тәуекелдер бойынша барлық құжат «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның үлгілік ІНҚ-ға сәйкес келтірілді, тәуекелдер тіркелімі және картасы, жаңа үлгілік нысанда сындарлы тәуекелдер бойынша Іс-шаралар жоспары әзірленді



Ішкі бақылау жүйесін аудиторлық тексеру 72% бағалаумен аяқталды, бұл тиімділік пен жетілудің «Туісті» деңгейі болып саналады;



Тәуекелдерді басқару жүйесін аудиторлық тексеру тиімділік пен жетілудің «Жетілген» деңгейі болып саналатын 79% бағалаумен аяқталды

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Аграрлық сектордың жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты Қоғам қызметіне берілген қарыздардың қайтарылмауына байланысты залалдардың туындау тәуекелін білдіретін несие тәуекелі әсер етеді.

Қоғамда несие тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында несиелеу және тәуекелдерді басқару функцияларын бөлуді ескеретін бизнес үдерістер бекітілді, несие тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелер құрылды.

ҚОҒАМДАҒЫ НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- құрылымдық бөлімшелердің несиелік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы
- өнім бағдарламаларының талаптарына және қарыз алушының/филиалдың рейтингіне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу

- тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу мақсатында несиелік қоржынды әртараптан- дыру
- ерте кезеңдегі сапаның нашарлауын анықтау үшін несие қоржынының мониторингі
- провизиялардың (ықтимал шығындарға арналған резервтердің) барабар деңгейін қалыптастыру

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам операциялық тәуекелдерге ұшырайды. Операциялық тәуекелдер деп адами фактор, бизнес үдеріс тәуекелі, ақпараттық жүйелер мен жабдықтар тәуекелі, сонымен қатар, сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың туындау тәуекелі түсініледі. Операциялық тәуекелді басқару операциялық залалдарға әкеп соғатын оқиғалардың немесе мән-жайлардың басталу ықтималдығын азайтуға және әлеуетті операциялық тәуекелдердің мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді.

Операциялық тәуекелді сәйкестендіру және оны бағалау үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Қоғам іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы тәуекел-үйлестірушілер ұсынған деректер негізінде тәуекелдер бойынша деректер базасын жүргізеді.

Тәуекелдер бойынша деректер базасы, бірінші кезекте, орын алған тәуекелдік оқиғаларға жедел ден қою және оларды болдырмау мақсатында әзірленді. Қоғамның тәуекел-менеджменті департаменті күн сайынғы негізде тіркелген тәуекел оқиғаларының болуына арналған базаға мониторинг жүргізеді.

Тәуекел-үйлестірушілердің негізгі функциялары – тәуекел-менеджмент департаментімен өзара іс-қимыл жасау, операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты толық әрі уақытылы жинауды және ұсынуды қамтамасыз ету, операциялық тәуекелді басқару бойынша жәрдемдесу және операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдің негізгі индикаторларын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру. Тәуекел-үйлестірушілер үшін Қоғам қызметкерлерінің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің талаптары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі түр-де оқыту жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде Қоғам операциялық тәуекелдерді басқару үдерісінде жауапкершілікті бөлуді көздейтін «қорғаудың үш желісі» қағидатын басшылыққа алады:



Операциялық тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттелген және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің барлық деңгейінде іске асырылады. Операциялық тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылар әлеуетті тәуекелдерді анықтау және тіркеу, сонымен қатар, олардың деңгейін барынша азайту және оларды іске асырудан теріс салдарлардың туындауына жол бермеу бойынша іс-шаралар қабылдау жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Қоғамда Қауіпсіздік департаментінің құрамына кіретін, департамент директорына тікелей бағынатын ақпараттық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі – АҚҚ) жұмыс істейді. АҚҚ қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің 22.05.2020 жылғы №7 шешімімен бекітілген «Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен» регламенттелген.

АҚҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұсынымдарына сәйкес құпия ақпараттың жария болуын болдырмау, Қоғамның ақпараттық жүйесін қорғау жүйелерін жетілдіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Қоғамның қызметкерлері құпия ақпараттың сақталуына дербес жауапты болады және жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға міндетті.

Жыл сайын ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің деңгейін төмендетуге бағытталған ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларын азайту бойынша жоспарға сәйкес, іс-шаралар жүргізіледі. Осы фактілерді жедел анықтауға және алдын алуға мүмкіндік беретін құпия ақпараттың жария болуын болдырмау жүйесі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, жыл сайын ақпараттық қауіпсіздік бойынша хабардарлықты арттыру мақсатында Қоғам қызметкерлерін оқыту жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша «Ақпараттық қауіпсіздік саясатын» білуге тестілеу өтеді.

Сонымен қатар, Қоғамның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз қолжеткізуді болдырмау мақсатында ақпараттық жүйенің мониторингі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Қоғамның ақпараттық жүйесіне қолжеткізуді ұсынуға арналған өтінімдер қолжеткізудің қажеттілігі мен негізділігін растау тұрғысынан көп деңгейлі келісуден және тексеруден өтеді.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау Компанияның мақсаттарына қолжеткізудің ақылға қонымды кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі, Басқарма, Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері жүзеге асыратын үдеріс ретінде анықталады. Компанияның ішкі бақылау жүйесі «Ішкі бақылау – интеграцияланған модель» COSO моделіне сәйкес құрылады және келесі өзара байланысты компоненттерден тұрады:



Компанияның ішкі бақылау жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі – ІБЖ) мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

ІБЖ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін ішкі бақылау процесіне қатысу, басқарудың барлық деңгейлеріндегі күнделікті қызмет ретінде ішкі бақылауды ұйымдастыру;
- қызметтің барлық бағыттары мен бизнес-процестерді ішкі бақылаумен қамту және Компанияның барлық бағыттары мен бизнес-процестері бойынша ішкі бақылау рәсімдерін регламенттеу;
- ішкі бақылауды тұрақты негізде жүзеге асыру (үздіксіздік).

Компанияда ішкі бақылау жүйесінің маңызды элементі бизнес үдерістерді регламенттеу болып табылады, оған құрылымдық бөлімшелердің үдерістің қозғалысын, тізбені, нәтижелерді, бақылау нүктелерін, аяқтау нысандарын, қатысушыларды және олардың жауапкершілігін және т.б. толыққанды сипаттауы кіреді.

Бизнес үдерістердің иелері жыл сайын ішкі нормативтік құжаттарға өзектендіру, ішкі бақылауды жетілдіру, мүдделер қақтығысын болдырмау (болған жағдайда), сәйкессіздіктерді анықтау, бизнес үдерістерді жеткіліксіз регламенттеу/рәсімдеу қажеттілігі тұрғысынан талдау жүргізеді, ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі.

Ішкі бақылауды басқару мақсатында Компанияда комлаенс-бақылау қарастырылған, ол ҚР заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.


06

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



6.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына мыналар жатады:





Қоғам корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капитал тартуға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді болжайды және табысты қызметке, оның ішінде Қоғам құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті қолдауға ықпал етеді.

6.2 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Холдингтің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 38/21 шешімімен бекітілген Қорды Қоғамға қосу жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде қосылуды жүзеге асыру кезінде Қоғамның ұйымдық құрылымы қайта қаралды.





Қордың Қоғамға қосылуы кезінде микронесие беру жөніндегі функциялардың үздіксіз жұмыс сапасын қамтамасыз ету мақсатында штат саны 505 бірлік болған кезде 345 дана бірлік (32%-ға азайтыла отырып), оның ішінде орталық аппараттың штат саны 110 дана болған кезде ауыстыру 45 дана бірлікті (60%-ға азайтыла отырып), ал орталық аппараттың штат саны 110 дана болып ауыстырылды, филиалдардағы штат саны кезінде – 395 дана бірлік, Қордың жалпы санынан 300 дана бірлік (25%-ға азайтумен) ауыстырылды.

Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 09 желтоқсандағы № 59 шешімімен бекітілген Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымына сәйкес, Қордың қосылуы кезінде өткен микронесие беру бойынша үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін Шағын бизнесті несиелеу департаменті (5 штат бірлігі), Шағын бизнес мониторингі департаменті (5 штат бірлігі), Шағын жобалардың проблемалық несиелерімен жұмыс істеу департаменті (5 штат бірлігі), сондай-ақ АӨК сақтандыру саласындағы оператордың және ауылдық ипотека агентінің функцияларын жүзеге асыру үшін Ауылдық ипотеканы сақтандыру және сүйемелдеу жөніндегі Департамент және ЕАҚ (5 штаттық бірлік) құрылды. Қордың қолданыстағы нормативтік практикасы мен тарихи деректерінің көші-қонын қамтамасыз ету үшін Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері Қордың бэк-кеңсесінің орны ауыстырылған мамандарының штат бірліктерімен толықтырылды.

Осыған ұқсас өзгерістер Қоғам филиалдарының ұйымдық құрылымына да әсер етті, Қордың Қоғамға қосылуы нәтижесінде шағын бизнесті несиелеу және мониторинг бөлімдері, проблемалық несиелермен жұмыс істеу бөлімдері немесе секторлары құрылды, сондай-ақ филиалдар саны әкімшілік бөліміндегі, заң бөліміндегі, есепші бөліміндегі штат бірліктерімен және филиал басшылығының құрамында толықтырылды.

Қор Қоғамға қосылғаннан кейін көрсетілген өзгерістерді ескере отырып, 2021 жылғы 14 желтоқсаннан бастап Қоғамның штат саны 731 бірлікті құрады, оның ішінде орталық аппараттың саны 209 бірлік, филиалдардың саны 522 бірлік.

6.3 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ



2021 жылы Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретін Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтады.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің 2021 жылға арналған қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 маусымдағы шешімімен (№11 хаттама) бекітілген және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің 6 негізгі қағидаттарын сақтауын растайды:

1. жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты – Қоғам Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді және Қоғамның тиімді қызметіне, оның ішінде Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қолжеткізуге және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қолдауға ықпал етеді.

2. директорлар кеңесі мен Қоғамды тиімді басқару қағидаты – Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, өз құзыреті шеңберінде парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, дәлдік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма міндеттерді орындау және

Қоғамның даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары заңдылық, адалдық, парасаттылық, жүйелілік болып табылады.

3. қоғамның дербес қызметінің қағидаты – Қоғам өз қызметін дербес жүзеге асырады.

4. қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары – Қоғам Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғамның қызметі туралы ақпаратты мүдделі тараптардың назарына жеткізу мақсатында Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Қоғам туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және басқару туралы дәйекті ақпараттың уақытылы ашылуын қамтамасыз етеді.

5. заңдылық пен этика қағидаттары – Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына, Жарғыға, осы Кодекстің ережелеріне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

6. мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты – Қоғам барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды әрі құрметтейді және өзінің дамуы мен қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында осындай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Мүдделі тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өз құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алу мүмкіндігі болуға тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, соңғысы уақытылы және тұрақты негізде елеулі, жеткілікті және сенімді ақпаратқа қолжеткізуге тиіс. Мүдделі тараптар Басқарманың заңнаманы немесе ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны туралы Директорлар кеңесіне еркін хабарлау мүмкіндігіне ие болуы тиіс және мұндай хабарланған жағдайда оның құқықтарына қысым жасалмауы тиіс.

6.4. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР



Қоғамның жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Холдингтің миссиясы «Стратегия – 2050» мақсаттарына қолжеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету.

Холдинг ел экономикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың негізгі операторы.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және оның мүдделерін қозғайтын қызмет туралы ақпарат беру тәртібі, сонымен қатар, Корпоративтік басқару кодексімен өзара іс-қимыл бекітілген Қоғамның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз акционердің неғұрлым маңызды функцияларының қатарына Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, сыртқы аудиторды, жылдық қаржылық есептілікті бекіту жатады.

2021 жылы Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін келесі мәселелерге бастамашылық жасады:

1. 2020 жылға жылдық қаржылық есептілікті бекіту және 2020 жылға таза кірісті бөлу тәртібі.
2. 2021 жылғы қаржылық есептіліктің аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымды анықтау.
3. Қоғамның 2020 жылға арналған жария жылдық есебін бекіту.
4. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
5. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту.
6. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ереже жаңа редакцияда.

6.5 ҚОҒАМНЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

Қоғамның дивидендтерді төлеу мақсаттарына, қағидаттарына, мөлшеріне, нысанына, мерзімдері мен тәртібіне қатысты саясаты жалғыз акционер – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 10.11.2021 жылғы шешімімен бекітілген Дивидендтік саясат туралы ережеде айқындалған.


Дивидендтерді төлеу Қоғамның бекітілген Даму стратегиясы негізінде оның таза пайдасын бөлу және қайта инвестициялау ескеріле отырып, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі олардың Қаржышаруашылық қызметінің қорытындыларын шығару жөніндегі жұмыс шеңберінде келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Қоғамның Дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. Холдингтің Жалғыз акционерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша Холдингтің төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қажеттілігі қағидаты;
2. Холдинг қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалар қызметінің жаңа түрлерін қаржыландыруды қоса алғанда, Холдинг қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттілігі қағидаты;
3. Қоғамның дамуға арналған шығыстарды, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне сәйкес Жалғыз акционерге 2019–2021 жылдары төленген дивидендтердің мөлшері туралы ақпарат:

СОҒҒЫ 3 ЖЫЛДА ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР



6.6 АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғамның жарғылық капиталы 2021 жылғы 31 желтоқсанға 254 366 870 мың теңгені құрайды.

| | | |
|-----------|-----------------------------------|---|
| 01 | ҰСТАУШЫНЫҢ АТАУЫ | «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ |
| 02 | ЖАЙ АКЦИЯЛАР, ДАНА | 259 589 065 |
| 03 | ЖАЙ АКЦИЯЛАР, ҮЛЕС % | 100 |
| 04 | АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАР | — |
| 05 | АКЦИЯЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ: | <ul style="list-style-type: none">• жарияланғаны, дана – 262 094 440• орналастырылғаны, дана – 259 589 065 |
| 06 | БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР, ҮЛЕС % | 100 |

6.7 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қоғамның Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Қоғамның Жарғысында Қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты және Қоғамның атқарушы органының қызметіне бақылауды, сонымен қатар, тұрақты дамудың енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесіне мүше болуға келесі мәселелерге назар аударады:

1. Қоғамның даму стратегиясын айқындау (бағыттары мен нәтижелері);
2. Даму жоспары қызметінің Негізгі көрсеткіштерін қою және мониторингілеу;
3. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
4. Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу;
5. Сайлау, марапаттау, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма қызметін қадағалау..

Қоғамның Директорлар кеңесі өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, Жалғыз акционердің шешімдеріне және Қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұлғасындағы Жалғыз акционердің мүддесінде агро-өнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру саласында қойылған міндеттерді ең төменгі заңдық, қаржылық және бедел тәуекелдерімен іске асыру мақсатында жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие болады.

Директорлар кеңесінің мүшелері ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сондай-ақ құқықтану саласында мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің сандық құрамы 6 адам, олардың 3 мүшесі (50%) тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық мүдделі тарапқа және Компанияның мүдделеріне сәйкес әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың басым критерийі қандай да бір тараптардың ықпалынан еркін объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилік пен дербестікке ие болу болып табылады. Тәуелсіз директорлар Қоғамда үздік әлемдік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін тәжірибелері мен білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарады және халықаралық басқару тәжірибесін ұсынады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік болуына қатысты мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның тәуелсіз директорлары тәуелсіздік өлшемшарттарына толық сәйкес келді.



**ІЗБАСТИН ҚАНЫШ
ТЕМІРТАЙҰЛЫ**

- Директорлар кеңесінің мүшесі (Жалғыз акционердің өкілі)
- Лауазымы: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
- Сайланған күні: 2021 жылғы 26 мамыр
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



**ДЖУАНЫШБАЕВА АЙГҮЛ
КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ**

- Директорлар кеңесінің мүшесі (Жалғыз акционердің өкілі)
- Лауазымы: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры
- Сайланған күні: 2021 жылғы 25 тамыз
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



WEINSTEIN MICHAEL

- Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- Аудит және тәуекелдер комитетінің төрағасы
- Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі жұмыс және мүшелік:
 - 2019 – қазірге дейін Ощадбанктегі кадрлар комитетінің төрағасы (Украина)
 - 2019 – қазіргі дейін «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры
- Сайланған күні: 2021 жылғы 25 тамыз
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

DINKELAKER JORG
ANDREAS

- Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы
- Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі жұмыс және мүшелік: жоқ
- Сайланған күні: 2021 жылғы 25 тамыз
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



KIM KEVIN GWANGIL

- Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің төрағасы
- Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі жұмыс және мүшелік:
- Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялар орталығы (IGTIC) атқарушы емес тәуелсіз директор, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы
- Сайланған күні: 2021 жылғы 25 тамыз
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ

ӘБЕНОВ АЙБОЛАТ
ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ

- Директорлар кеңесінің мүшесі
- Лауазымы: Басқарма төрағасы
- Сайланған күні: 2021 жылғы 26 мамыр
- Компания акцияларына, компания өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік ету: жоқ



ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

«Аграрлық несие корпорация» АҚ Жарғысының 27-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іздеуді, іріктеуді жалғыз акционер жүргізеді.

2021 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында мынадай өзгерістер болды.

САЙЛАНҒАНДАР:

- **Омаров С.К.**, Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімі;
- **Ізбастин К.Т.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімі;

- **Нұрғожин Ә.Е.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімі;
- **Әбенев А.Ж.**, Қоғамның Басқарма төрағасы, Жалғыз акционердің 09.04.2021 ж. № 18/21, 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімдері;
- **Dinkelaker Jorg Andreas**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21, 25.08.2021 ж. № 43/21 шешімдері;
- **Weinstein Michael**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21, 25.08.2021 ж. № 43/21 шешімдері;
- **Kim Kevin Gwangil**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21, 25.08.2021 ж. № 43/21 шешімдері;
- **Джуанышбаева А.К.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, Жалғыз акционердің 25.08.2021 ж. № 43/21 шешімі.

ӨКІЛЕТТІГІ ТОҚТАТЫЛҒАНДАР:

- **Тасжүреков Е.К.**, Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі, 16.03.2021 жылдан бастап жазбаша хабарлама негізінде өз бастамасы бойынша;
- **Джувашев А.Б.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, 16.03.2021 жылдан бастап жазбаша хабарлама негізінде өз бастамасы бойынша;
- **Нұрғожин Ә.Е.**, тәуелсіз директор, 15.03.2021 ж. бастап өз бастамасы бойынша жазбаша хабарлама негізінде;
- **Еңкебаев Д.К.**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімі;
- **Жолдыбеков К.Т.**, тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімі;
- **Күлтаев Б. К.**, Қоғамның Басқарма төрағасы, Жалғыз акционердің 09.04.2021 ж. № 18/21 шешімі;
- **Омаров С.К.**, Директорлар кеңесінің төрағасы, 10.07.2021 ж. өз бастамасы бойынша;
- **Нұрғожин Ә.Е.**, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, Жалғыз акционердің 25.08.2021 ж. № 43/21 шешімі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ КОМИТЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегияларын), корпоративтік даму мәселелерін әзірлеу мәселелері, оның ішінде орта және ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу, оның рентабельді қызметі және тұрақты даму мәселелері бойынша ұсынымдар дайындауды арттыру үшін құрылды.

- **Kim Kevin Gwangil** – Комитет төрағасы
- **Weinstein Michael** – Комитет мүшесі
- **Dinkelaker Jorg Andreas** – Комитет мүшесі

АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР КОМИТЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу бойынша, сыртқы және ішкі аудиттің және комплаенс қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау бойынша тәуелсіздігін бақылау бойынша, сонымен қатар, Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың парапар жүйесі қызметінің (дамуының) және жұмыс істеуінің басым бағыттарын тұжырымдау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылды.

- **Weinstein Michael** – Комитет төрағасы
- **Kim Kevin Gwangil** – Комитет мүшесі
- **Dinkelaker Jorg Andreas** – Комитет мүшесі

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді тереңдете пысықтау және мониторингілеу, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің, Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін тұтастай және жекелей бағалау, Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру үшін құрылған.

- **Dinkelaker Jorg Andreas** – Комитет төрағасы
- **Weinstein Michael** – Комитет мүшесі
- **Kim Kevin Gwangil** – Комитет мүшесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ


Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық және объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

ДК ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ



Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі еңбек демалысында болғандықтан, 21 отырыстың 5-іне толық емес құрамда өтті. Кворум сақталған.

ДК ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР (БАРЛЫҒЫ 176 МӘСЕЛЕ)



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Қоғамның Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады.

2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау жасырын сауалнама арқылы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі қызметінің және Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің тиісті нәтижелері шығарылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Қоғам үшін күтілетін оң әсер назарға алынуға тиіс. Сыйақы тәуелсіз директорларға, егер заңдарда, Қоғамның және олар жұмыс істейтін ұйымдардың нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі негізінде төленеді. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды. Тіркелген жылдық сыйақының мөлшері жалғыз акционердің шешімімен айқындалады.

Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде тәуелсіз директор дауыс берген, Қоғамға залал келтіру фактісі анықталған жағдайда, сыйақы төленбейді.

2021 жылы тәуелсіз директорларға сыйақы 47,1 млн.теңге берілген, оған әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар, әлеуметтік салық және МӘМС аударымдары, сонымен қатар іссапар шығыстары, аударым және пошта қызметтері кіреді.

6.8 БАСҚАРМА

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган болып табылады және Қоғам мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мүддесінде ғана әрекет етеді.

Басқарма Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша, соның ішінде заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына Басқарманың 6 мүшесі кіреді.



ӘБЕНОВ АЙБОЛАТ ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ

- Басқарма төрағасы
- Сайланған күні: 09.04.2021 ж.



КЕНЖЕБАЕВА АЙЖАН РАМАЗАНҚЫЗЫ

- Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- Сайланған күні: 28.08.2019 ж.
- Қаржы институттары мен несиелік серіктестіктерді қорландыру, қазынашылық операциялар, стратегиялық және корпоративтік даму мәселелеріне жетекшілік етеді



ӘЛИЕВ АРМАН КӨКІШҰЛЫ

- Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- Сайланған күні: 28.08.2019 ж.
- Бухгалтерлік есеп және есептілік, әкімшілік-шаруашылық қызмет мәселелеріне жетекшілік етеді



ЖАУЫМБАЕВ ҚАНАТ САҒЫНДЫҚҰЛЫ

- Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- Сайланған күні: 10.04.2020 ж.
- Жобалар мониторингі және несиелерді әкімшілендіру мәселелеріне жетекшілік етеді



ДЖУВАШЕВ АСЫЛХАН БОЛАТҰЛЫ

- Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- Сайланған күні: 14.09.2021 ж.
- Несиелендіру мәселелеріне жетекшілік етеді



ЖАНЧУРИН ҚАНАТ СМАҒҰЛҰЛЫ

- Басқарушы директор, Басқарма мүшесі
- Сайланған күні: 10.04.2020 ж.
- Проблемалық қарыздармен жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету бойынша мәселелерге жетекшілік етеді

2021 жыл ішінде Қоғам Басқармасының құрамында мынадай өзгерістер болды:

САЙЛАНҒАНДАР:

- **Әбенев А.Ж.**, Қоғамның Басқарма төрағасы, Жалғыз акционердің 09.04.2021 ж. № 18/21, 26.05.2021 ж. № 27/21 шешімдері;
- **Джувашев А.Б.**, Басқарма төрағасының орынбасары, Қоғамның Директорлар кеңесінің 14.09.2021 ж. № 14 шешімі.

ӨКІЛЕТТІГІ ТОҚТАТЫЛҒАНДАР:

- **Күлтаев Б. К.**, Қоғамның Басқарма төрағасы, Жалғыз акционердің 09.04.2021 ж. № 18/21 шешімі;
- **Байқуатов Д.С.**, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің 27.10.2021 ж. № 16 шешімі.

Басқарма қызметінің мақсаты Даму стратегиясы мен Қоғамның даму жоспарын тиімді іске асыру болып табылады.**Басқарма қызметінің негізгі міндеттері:**

1. Жалғыз акционер және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін сапалы және уақытылы орындау;
2. Қоғамның ағымдағы қызметінің даму стратегиясы мен Қоғамның даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету;
3. Қоғамның активтерін, міндеттемелерін және капиталын тиімді басқару;
4. Өз құзыреті шегінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Басқарманың қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. Ашықтық және айқындық;
2. Жауапкершілік және есептілік;
3. Міндеттерді объективті бөлу;
4. Операцияларды тиісті мақұлдау және бекіту;
5. Кешенділік және жүйелілік;
6. Тұрақты даму және жетілдіру;
7. Икемділік;
8. Бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жерлерін уақытылы анықтау және ден қою;
9. Басқарма қызметі салаларының басымдылығы;
10. Технологиялылығы;
11. Қызметкерлердің құзыреттілігі;
12. Процедуралардың құжатталуы;
13. Ақпараттың сенімділігі мен толықтығы.

2021 жылы Басқарманың 63 отырысы өткізілді, оның ішінде 33 отырыс күндізгі нысанда, 30 отырыс сырттай нысанда өтті. 2021 жылы Басқарма барлығы 453 мәселені қарады, оның ішінде 107 мәселе Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына бастамашылық етілді, олар бойынша шешімдер қабылданды және тапсырмалар берілді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕНІҢ НЕГІЗГІ БЛОКТАРЫ

1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
2. Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан жасалатын мәмілелер;
3. Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып, Қоғамның ұйымдық құрылымын, штат кестесін бекіту;
4. Директорлар кеңесінің бекітуіне жататын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне сәйкес Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
5. Қоғамның өз капиталы мөлшерінің 2-ден 10 пайызға дейінгі сомасын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту;
6. Уақытша бос ақшаны орналастыру, егер заңнамада және осы Жарғыда мұндай шешім қабылдау Қоғамның өзге органының құзыретіне жатпаса, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бағалы қағаздарды сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешімді бекіту туралы;

7. Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Сыйақы орындалатын жұмыс пен атқаратын лауазымның күрделілігін ескере отырып, жеке тәсіл негізінде сараланады.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыларды қамтиды. Бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қолжеткізу нәтижелеріне және Директорлар кеңесінің олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты жылына бір рет төленеді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидаттары мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Қызметтің негізгі көрсеткіштерін және жоспарлы мәндерді анықтау;
2. Қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту;
3. Қызметтің қолжеткізілген негізгі көрсеткіштерінің нәтижелілігін есептеу және бекіту

Қоғамның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес Басқарма мүшелерінің 2021 жылғы жалпы сыйақы мөлшері 182,4 млн.теңге. Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы жалақыдан, әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдардан, әлеуметтік салықтан, МӘМС аударымдарынан және ерікті медициналық сақтандырудан тұрады.



6.9 ҚОҒАМ КОМИТЕТТЕРІ



НЕСИЕ КОМИТЕТТЕРІ

Комитеттің негізгі мақсаттары: Қоғамның несие саясатын тиімді іске асыру, заңнаманың және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мен орындауға сәйкес несие қоржынның тәуекел мен кірістілігінің теңгерімді арақатынасын қамтамасыз ету болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті мөлшерленген несие саясатын жүргізу, Қоғам мүдделерін ескере отырып, несие беру мәселелерін жан-жақты, объективті және білікті қарау негізінде несие қоржынының жай-күйін бақылау болып табылады.

Комитет Қоғамның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Қоғам Басқармасы бекітетін өкілеттіктер лимиттерінің тізілімі шеңберінде Қоғамның өз несие қызметін жүзеге асыруына байланысты кез-келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

Несиe үдерісті оңтайландыру мақсатында Қоғамда ішкі несиe саясатын жүзеге асыратын жеке өкілеттіктері бар келесі алқалы органдар/лауазымды тұлғалар ұйымдастырылған:

1. Үлкен Несие Комитеті (ҮНК);
2. Шағын Несие Комитеті (ШНК);
3. Филиалдың Несие Комитеті (ФНК);
4. Жеке өкілеттіктері бар лауазымды тұлғалар.

Несиe комитетінің мынадай ұйымдық құрылымы бар:

1. Несие комитетінің төрағасы;

2. Несие комитетінің мүшелері;
3. Несие комитетінің хатшысы (шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығынсыз).

Ішкі несиe саясатын жүзеге асыратын алқалы органдар өкілеттік лимиттеріне сәйкес шешім қабылдайды.

Несиелік комитеттердің жұмысы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет Қоғам Басқармасы жанындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу үдерісін үйлестіретін/ұйымдастыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы, консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комитет өзіне Басқарма берген өкілеттіктер аясында жұмыс істейді. Комитет қабылдаған барлық шешім Басқарма үшін ұсынымдық сипатта болады.

Комитет Басқармаға мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылады:

1. тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуі, оны ұйымдастыру және қолдау жөніндегі мәселелерді тереңдете пысықтау;
2. тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторинг жүргізуге арналған процестерді дамыту;
3. тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерістерін құру, тәуекелдерді басқару мәдениетін енгізу және дамыту («тәуекел мәдениеті»).

Комитет Басқарманың шешімі бойынша құрылады. Комитеттің құрамы 9 (тоғыз) адам санымен айқындалады. Комитеттің дербес құрамы Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Комитетті Қоғам Басқармасының мүшесі басқарады және оның құрамына кіреді:

1. Комитет төрағасы;
2. Комитет төрағасының орынбасары;
3. Комитет мүшелері.

Есепті кезеңде Комитеттің бір отырысы болды.

БЮДЖЕТТІК КОМИССИЯ

Бюджеттік комиссия – Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығы негізінде құрылатын, Қоғамның бюджеттік жоспарлау үдерісінің іске асырылуын үйлестіретін Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін органы.

Қоғамның Бюджеттік комиссиясы қызметінің негізгі мақсаттары Қоғамның Даму жоспарын әзірлеу/түзету, сонымен қатар, Қоғамның Даму жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу кезеңінде бюджеттік жоспарлау үдерістерін қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджеттік комиссияның негізгі міндеттері:

1. Қоғамның Даму жоспарының кіріс және шығыс бөліктерін әзірлеу/түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
2. қойылған мақсаттарды, міндеттерді, Қоғамның Даму стратегиясында және жоспарлаудың белгілі бір кезеңінде қолдану үшін өзге де құжаттарда белгіленген қызметтің түйінді көрсеткіштерін ескере отырып, қажетті көрсеткіштерді қарауға енгізу/ұсыну;
3. Қоғамның Даму жоспарын әзірлеу/түзету бойынша нәтижелерді оларды Қоғам Басқармасының қарауына шығару алдында қарау;
4. есепті кезеңде Қоғамның Даму жоспарын орындау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
5. есепті кезеңдегі Қоғамның Даму жоспары мониторингінің нәтижелерін оларды Қоғам Басқармасының қарауына шығарар алдында қарау.

Қоғамның Бюджеттік комиссиясы Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылады.

Бюджеттік комиссияның құрамы мыналардан тұрады:

1. Комиссия төрағасы;
2. Комиссия төрағасы орынбасары;
3. Комиссия мүшелері.

2021 жылы Бюджеттік комиссияның 4 отырысы өткізілді.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылы Қоғам ірі мәмілелер жасамады.

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР

Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың сенімді және ашық институты ретіндегі өзінің беделін жоғары бағалайды және клиенттердің Қоғамның алға қойған міндеттерін адал, әділ және риясыз орындауын және мемлекеттік саясатты іске асыруын күтетінін түсінеді.

Осы мақсатта Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, ішкі және сыртқы қағидаларды, рәсімдерді, бизнесті жүргізудің негізгі моральдық-этикалық қағидаларын және корпоративтік басқару жүйесін сақтауды бақылауды қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру шеңберінде Қоғамның қызметін реттейтін бірқатар ішкі нормативтік құжаттар әзірленді, атап айтқанда:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты;
- Комплаенс-саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар;
- Комплаенс-тәуекелді басқару бойынша рәсім.

Комплаенстің негізгі функциялары: терроризмді қаржыландырудың заңсыз жолымен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты анықтау және алдын алу; мүдделер қақтығысын тиімді реттеу; Қоғам қызметкерлерінің кәсіптік әдеп талаптарын сақтауын бақылау.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу рәсімдерін айқындау, мүдделер қақтығысының себептерін уақытылы анықтауды және алдын алуды, шешуді қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар, Қоғамның барлық органдарының іс-қимылын үйлестіру мақсатында корпоративтік жанжалдар мен Қоғам Мүдделері қақтығысын реттеу жөніндегі қағидалар бекітілді.

6.10 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ



Қоғам әлеуметтік-жауапты компания ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ашықтық пен төзбеушілікті қалыптастыруға ұмтылады. Қоғамда түрлі іс-шаралар кешенін қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Қоғам қызметкерлері еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлыққа жол берген кезде, атқаратын лауазымына қарамастан, жазаға тартылатынын жариялайды.

2021 жылы Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай іс-шараларды іске асырды:

1. 2021–2022 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді;
2. Қоғамдағы мүдделер қақтығысын анықтау, бағалау және бақылау бойынша іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылды;
3. 2021–2022 жылдарға арналған Комплаенс-тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді;
4. Басқарушы қызметкерлер ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің менеджерлерінің/ішкі аудиторларының сертификаттарын алды және оқытылды;
5. Қоғамның ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін халықаралық сертификаттаудан өтуі бойынша жұмыс басталды. Сертификаттау аудитінің мақсаты менеджмент жүйесін тәуелсіз бағалауды және сәйкестікті растау жөніндегі жетекші халықаралық органдардың бірінде менеджмент жүйесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігін растауды қамтамасыз ету болып табылады;
6. Тоқсан сайынғы негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі;
7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді;
8. Көрсетілетін қызметті алушылардан және өзге де тұлғалардан келіп түскен шағымдарға жауаптарды қарау сапасына талдау жүргізіледі (тұрақты негізде).

6.11 ІШКІ АУДИТ



Қоғамда Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, Директорлар кеңесіне Компанияның қызметін жетілдіруге және Компанияны басқарудың, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Компаниядағы корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған тәуелсіз ақылға қонымды кепілдіктер мен консультациялар беру мақсатында құрылды.

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесіне және Компания Басқармасына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қолжеткізу бойынша олардың міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсету қызметтерін көрсету болып табылады.

Ішкі аудитті жоспарлау және аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы тәуекелге бағытталған тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес, 2021 жылы ІАҚ 5 аудиторлық іс-шара орындалды. Барлық аудиторлық тапсырма ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Компанияның ішкі аудитін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес орындалды. Жүргізілген ІАҚ аудитінің нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді, аудит нысандары анықтауларды жою бо-

йынша түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі.

ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ішкі аудит, сыртқы аудит және сыртқы бақылаушы органдардың нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Ішкі аудиттің шоғырландырылған нәтижесі және ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат Компанияның Директорлар кеңесі қарайтын және бекітетін тоқсан сайынғы және жылдық есептіліктерде көрсетіледі. Есептілікті Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті алдын-ала қарайды.

ІАҚ және оның қызметкерлерінің тиімділігін Компанияның Директорлар кеңесі қызметтің бекітілген негізгі көрсеткіштері негізінде бағалады. Компанияның ішкі аудитін қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру бағдарламасына сәйкес жүргізілген 2021 жылғы ІАҚ қызметін бағалау 4-тен (100%) 3,85 (96,2%) келеді.

6.12 СЫРТҚЫ АУДИТ

Қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру, растау және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қоғам тәуелсіз сыртқы аудиторды тартады, ол мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның конкурстық іріктеу негізінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір ұсынады.

Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау Қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның 2021 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін «КПМГ Аудит» ЖШС жүргізді.

Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қоғамға жұмысқа қабылданбады.

07

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) анықтамасына сәйкес агробизнес «егістіктен тұтынушыға дейін жүзеге асырылатын ұжымдық кәсіпкерлік қызмет» ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, ол мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) тармақталған құрылымын құра отырып, фермерден тұтынушыға дейінгі бүкіл өндіріс тізбегін қамтиды.

Сондықтан тұрақты даму жөніндегі есеп шеңберінде пайда мөлшері, өндірісті әртараптандыру және өнімділіктің өсуі сияқты тікелей экономикалық индикаторларды қарастыра отырып, азық-түлік және экологиялық қауіпсіздік факторларын және жергілікті халық пен табиғи ресурстарға (жер, су, биоресурстар, т.б) әсерін ескере отырып, тұтастай алғанда Қоғам қызметінің өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қандай жанама әсер ететінін бағалау маңызды.



7.1 СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ЖӘНЕ АСПЕКТИЛЕР

Қоғам экономикаға, экологияға және Қоғамға өз ықпалының маңыздылығын сезінеді және стратегияны және/немесе даму жоспарын тиімді іске асыруға ұмтылады, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҮШ КОМПОНЕНТ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:

01 ЭКОНОМИКАЛЫҚ

- қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету, үдерістердің тиімділігін арттыру, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі, еңбек өнімділігін арттыру.

02 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

- биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсер етуді азайту, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану, экологиялық қолайлы өнімді жасау, қалдықтарды азайту, өңдеу және жою.

03 ӘЛЕУМЕТТІК

- әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын қамтамасыз ету, оның ішінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, қызметкерлердің құқықтарын әділ марапаттау және құрметтеу, қызметкерді жеке дамыту, қызметкер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, де-меушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

7.2 СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қоғам мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 8 қарашадағы шешімімен (№53 хаттама) бекітілген Қоғам стейкхолдерлерінің картасы әзірленді.

Өзара әрекеттесу нысандары. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, компанияның қызметі туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, мақалалар, сұхбаттар және т.б.

Өзара іс-қимыл салалары. Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың жаңа бағыттары туралы: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, жобаларды басқару, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу, заң шығару, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.

Әсер етудің маңыздылық дәрежесі x/y екі шкаласы бойынша бағаланады, мұнда:

- $x = -5: +5$, 1-қадаммен (немесе одан да кіші) Қоғамның стейкхолдерімен қолдау/қарсы тұру дәрежесін сипаттайды (-5 – қарсы тұрудың ең жоғары дәрежесі, +5 – қолдаудың ең жоғары дәрежесі);
- $y = 0: 5$ 1-қадаммен (немесе одан да кіші) стейкхолдердің Қоғамға әсер ету дәрежесін сипаттайды.

| | |
|---|--|
|  <p>СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • мемлекеттік және салалық даму бағдарламаларын қабылдау, Қоғамның стратегиялық құжаттарын әзірлеу және бекіту арқылы Қоғам дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын, стратегиялық бағыттарын айқындау |
|  <p>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдағы тұрақты, стандартты үдерістерді басқару бойынша тұрақты күнделікті қызмет |
|  <p>НОРМАТИВТІК РЕТТЕУ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғам қызметінің қандай да бір тараптарын тікелей немесе жанама реттейтін нормативтік актілерді қабылдау |
|  <p>ЖОБАЛАРДЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БИЗНЕС ҮДЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ САПАСЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР</p> | <ul style="list-style-type: none"> • жобаларды және/немесе бизнес үдерістерді басқару бойынша қызмет көрсетудегі персонал мен Қоғам Басқармасының құзыреттілік және тиімділік дәрежесі |
|  <p>АБЫРОЙ</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның операциялық қызметі тиімділігінің сандық көрсеткіштері • сапа, абырой және кемшіліктер туралы қалыптасқан қоғамдық пікір |

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ МҮДДЕЛЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ ДӘРЕЖЕСІ



• x/y , $x = -5 \div +5$ – мүдделі тараптың қолдау/қарсы әрекет ету күші (бұл мән жақшадағы бірінші санмен көрсетілген)

• $y = -5 \div +5$ – Мүдделі тараптың әсер ету күші (бұл мән жақшадағы екінші санмен көрсетілген)

7.3 ҚОҒАМ МҮДДЕЛЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ САЛАСЫ

| Стейкхолдерлер | Стратегиялық даму | Операциялық қызмет | Нормативтік реттеу | Жобаларды және/немесе бизнес-процестерді басқару сапасы | Операциялық нәтижелер | Бедел |
|---------------------------------------|-------------------|--------------------|--------------------|---|-----------------------|-------|
| Өкілеттік/жауапкершілік саласы | | | | | | |
| Жалғыз акционер | * | | * | | | * |
| Директорлар кеңесі | * | | * | | * | |
| Басқарма | * | * | * | * | * | * |
| Персонал | | * | | | | |
| Тікелей әсер ету саласы | | | | | | |
| Мемлекеттік органдар | * | | * | | * | * |
| Клиенттер, тұтынушылар | | * | | * | | |
| Өнім берушілер | | | | | * | * |
| Инвесторлар | * | | | * | * | * |
| Серіктестер | | * | | * | | |
| Аудиторлар | | | | | | * |
| Консалтингтік ұйымдар | * | | | | | * |
| Қаржы институттары | | * | | * | * | * |
| Еншілес ұйымдар | * | * | | * | * | * |
| Жанама әсер ету саласы | | | | | | |
| Халық | | | | | * | |
| Қоғамдық ұйымдар | * | | * | | | * |
| Бұқаралық ақпарат құралдары | | | | | | * |
| Бәсекелестер | * | * | * | * | * | * |

■ Әсер етудің жоғары дәрежесі

■ Төмен әсер ету дәрежесі

✱ Қызығушылықтың жоғары дәрежесі

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау әдістері мынадай нысандарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ДЕҢГЕЙІ

Консультациялар: екіжақты өзара іс-қимыл; мүдделі тараптар сұрақтарға жауап береді

Келіссөздер

Қатысу: Екіжақты немесе көпжақты өзара іс-қимыл; барлық тараптардың тәжірибесі мен білімін арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді

Ынтымақтастық: екіжақты немесе көпжақты өзара іс-қимыл; тәжірибе мен білімді бірлесіп арттыру, шешімдер мен шаралар қабылдау

Өкілеттік беру: мүдделі тараптар (егер қолданылса) басқаруға қатысады

ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ӘДІСТЕРІ

Сауалнамалар; фокус-топтар; мүдделі тараптармен кездесулер; көпшілік кездесулер; семинарлар; коммуникация құралдары арқылы кері байланыс беру; консультативтік кеңестер

Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізіндегі ұжымдық келіссөздер

Көпжақты форумдар; консультациялық панельдер; консенсусқа қол жеткізу үдерісі; бірлесіп шешімдер қабылдау үдерісі; фокус-топтар; кері байланысты ұсыну схемалары

Бірлескен жобалар; бірлескен кәсіпорындар; әріптестік; мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке интеграциялау

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ:

- *проблемаларды шешу және мақсаттарға қолжеткізу үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіру;*
- *нарықтардың дамуын қоса алғанда, сыртқы ортаны бағалау, сонымен қатар жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындау;*
- *бизнес үдерістерді жетілдіру;*
- *қызметтің ашықтығы мен айқындығы саясатын жүргізу.*

(әрбір стейкхолдермен өзара іс-қимыл стратегиясы, сонымен қатар, ықпал ету құралдары қызметтің ерекшелігіне байланысты Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен дербес айқындалады).

ҚОҒАМ ҮШІН ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

(Акционер өкілдерінің, клиенттердің, БАҚ өкілдерінің және қызметкерлердің сауалнамасы негізінде).

Қоғам өз миссиясы шеңберінде жеке қаржы институттарын тарту және АӨК субъектілерінің құзыреттерін арттыру арқылы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдем көрсетеді.

Осыған сүйене отырып, Қоғам өзінің қызметінің әртүрлі аспектілерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік маңыздылығын бағалау үшін өзінің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын анықтады.

Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 12 шешімімен «Тұрақты даму саласындағы АНК саясаты» бекітілді.

7.4 ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТ



Қоғам Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыруда негізгі рөлдің бірін атқарады, осыған байланысты экономикалық әсер көрсеткіштері маңызды деп бағаланады.

ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІНІ ІСКЕ АСЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨСУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

Қоғамның инвестициялық бағдарламасы АӨК саласындағы жоғары технологиялық инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталған. 01.01.2022 жылғы жағдай бойынша Қоғамның **инвестициялық қоржыны 351 млрд.теңгеге** бағаланатын **407 жобадан** тұрады.

Қоғамның инвестициялық жобалары бойынша еңбек өнімділігі есепті кезеңде 4 854,6 мың теңге болды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 125,8%-ға артық.

АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ҚАМТУДЫ ҰЛҒАЙТУ

Негізгі жұмыс шағын бизнес деңгейінде жүргізілуде.

2021 жылы Қоғам жалпы сомасы 253,9 млрд. теңгеге 8 532 АШТӨ қаржыландырды, оның ішінде 99,7 млрд. теңге сомаға 1 458 АШТӨ-ні тікелей несиелеу арқылы, қаржы институттары арқылы – 154,2 млрд. теңге сомаға 7 074 АШТӨ, оның ішінде: НС арқылы-110,0 млрд. теңге сомаға 4 730 АШТӨ, ЕДБ – 31,8 млрд. теңге сомасына 116 қарыз алушы, МҚҰ (оның ішінде: ӨИО) – 12,4 млрд.теңгеге 2 228 АШТӨ.

Бұдан басқа, Қоғам ауыл халқы үшін шағын несие беру нысанында осындай маңызды қолдаудан бас тартқан жоқ. Айта кету керек, қарыз алушылардың басым көпшілігі – жалпы санының 70%-дан астамы – ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер. Қоғам ауылда жас кәсіпкерлердің жаңа буынын тәрбиелеуді, оның ішінде жастар мен әйелдерді көптеп тартуды көздеп отыр.

АУЫЛ ИПОТЕКАСЫ

Қоғам «Дипломмен-ауылға!» бағдарламасы шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сенім білдірілген агенттің функцияларын орындайды

2021 жылдан бері Қоғам ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несиелер беру жөніндегі сенім білдірілген өкілі (агент). Есепті кезеңде 179 тапсырма шарты, тұрғын үйді сатып алу-сату туралы 4 377 шарт жасалды, олар бойынша 18 546 млн.теңге сомасына қаражат аударылды.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРНАЛАРЫ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қоғамда сатып алудың электрондық форматы жұмыс істейді. 2021 жылы 2 151 шарт жасалды. 2021 жылы Қоғамның тауарлары мен қызметтерін сатып алудағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 83,5%-ды болды.

2021 ЖЫЛЫ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ



Қоғамда сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу және оларға жол бермеу, сонымен бірге, қызметтерді тұтынушылармен кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында тікелей жедел желі, корпоративтік сайттағы басшының блогы, әлеуетті қарыз алушылардың құқықтары бұзылған жағдайда тікелей жүгіну мүмкіндігі бар, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бойынша оқыту семинарлары жүйелі түрде өткізіледі.

7.5 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Қоғамның ұстанымына сәйкес, қызметтің тиімді моделі бар, тұрақты және қолжетімді қаржыландыру жүйесін дамыту жолымен **агроөнеркәсіптік кешенді индустрияландыруға, қарқынды дамуға және әртараптандыруға ықпал ететін АӨК-ті дамытудың шешуші институтына айналуға тиіс.**

Ауыл шаруашылығын дамытудың маңызды стратегиялық жобаларының қаржылық операторы бола отырып, Қоғам АӨК-ні кеңейту және әртараптандыру үдерісіне тартылатын табиғи ресурстарды қоса алғанда, мемлекеттік және тартылған ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс: жерді мелиорациялау, фитосанитария, егіс алқаптарының құрылымын өзгерту, шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы жануарларының шоғырлануының өсуі және т.б.

Сондықтан экономикалық көрсеткіштермен қатар «жасыл» технологияларды ілгерілету, цифрландыру, АӨК-нің ресурс үнемдейтін бағдарламаларға көшуі бойынша баса назар аудару қажет.

Қоғамның ішкі қызметі экологиялық аспектімен байланысты емес, бірақ оның әсерін қаржылық делдал арқылы қарау керек.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІНІ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚОҒАМНЫҢ ҮЛЕСІ

2021 жылы Қоғам тұрақты даму қағидасын басшылыққа ала отырып, БҰҰ-ның жаһандық шартының талаптарына және БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттарына сәйкес әзірленген тұрақты даму саясатын бекітті. Саясатқа сәйкес, Қоғам қаржыландыратын жобалар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Қоғам АӨК субъектілерінің инвестициялық жобаларын қаржыландыру шеңберінде міндетті мемлекеттік экологиялық сараптаманы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен міндетті келісуді ескере отырып, жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізеді.

Қоғам тұрақты дамудың экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын (ESG факторлары) АӨК субъектілерін қаржыландыру бойынша, сонымен қатар, қазіргі қызмет шеңберінде шешімдер қабылдау жөніндегі бизнес үдерістерге сақтауға және біріктіруге ниетті.

Қоғам тұрақты даму саласындағы бастамалар шеңберінде мыналарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- тұрақты даму мақсаттарына қолжеткізуге жәрдемдесу;
- жауапты қаржыландыруды дамыту;
- жауапты сатып алуға жәрдемдесу;
- бірыңғай кадр саясатын қалыптастыру;
- қызметтің ашықтығын арттыру.

Қоғам таяу болашақта несие үдерісін және қаржыландырылатын жобаларға қойылатын талаптарды тұрақты даму қағидаттарына сәйкестігін регламенттейтін ІНҚ әзірлеуге кірісуді жоспарлап отыр.

АӨК-нің тұрақты дамуына жәрдемдесу жөніндегі белгіленген миссия шеңберінде қаржы даму институтының функцияларын жүзеге асыра отырып, Қоғам өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын интеграциялау, оның ішінде «жасыл жобаларды» қаржыландыру тәсілдерін көздейтін ІНҚ бекіту бойынша жұмысты бастады.

Тұрақты даму саласындағы саясатты іске асыру шеңберінде Басқарма шешімімен 08.11.2021 ж. Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары (№53 хаттама) бекітілді, онда ESG факторлары (халықаралық қоғамдастық таныған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыт және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені) көзделеді. ESG факторлары Қоғамның тұрақты даму саласындағы жоспарланып отырған бастамалары ретінде Қоғамның 2020–2023 жылдарға арналған даму стратегиясына енгізілген ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 25.02.2022 ж. шешімімен бекітілген, № 4 хаттама).

Қоғам 2021 жылы ресурс, ылғал үнемдеуші озық инновациялық технологияларды енгізуді көздейтін 19 инвестициялық жобаны қаржыландырды.

7.6 ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ



ОСЫ АСПЕКТІНІҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:

- заңнаманы және нормативтік талаптарды бұзу;
- компания қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңінің көрсеткіші;
- қызметкерлердің жұмыспен қамту қабілетін қолдауға және мансабын аяқтаған кезде қолдауға арналған өмір бойы дағдыларды дамыту және білім беру бағдарламаларының болуы;
- мәжбүрлі және/немесе балалар еңбегін пайдаланатын өнім берушілерді анықтау және қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін жүзеге асырылатын қызметке байланысты адам құқықтарының аспектілеріне қатысты саясаттар мен рәсімдерге оқытуды жүргізу.

ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІНІ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҚОҒАМНЫҢ ҮЛЕСІ

- 2021 жылы Қоғам қарыз алушыларының саны 75 468-ге дейін өсті.
- 2021 жылы бағдарламаларды қаржыландыру есебінен 48 742 адам жұмыспен қамтылды, 8 196 жаңа жұмыс орны құрылды.

ӨҢІРЛЕРДЕ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

| Облыс | жұмыспен қамтылғандар | жаңа жұмыс орындары ашылды |
|----------------|-----------------------|----------------------------|
| Ақмола | 7 094 | 763 |
| Ақтөбе | 1 385 | 296 |
| Алматы | 1 801 | 1 446 |
| Атырау | 282 | 137 |
| ШҚО | 2 124 | 590 |
| Жамбыл | 1 115 | 297 |
| БҚО | 560 | 140 |
| Қарағанды | 2 444 | 291 |
| Қостанай | 15 504 | 318 |
| Қызылорда | 706 | 458 |
| Маңғыстау | 357 | 56 |
| Павлодар | 3 922 | 607 |
| СҚО | 8 443 | 183 |
| Түркістан | 3 005 | 2 614 |
| Барлығы | 48 742 | 8 196 |

ҚОҒАМ ІШІНДЕ ТЕҢ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУ

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№11 хаттама) бекітілген Қоғамның Іскерлік этика кодексінде айқындалған Қоғамның негізгі құндылықтарының бірі команда, адами ресурстар болып табылады. Компания қызметінің нәтижелері Қоғам командасының кәсібилігі мен қауіпсіздігі деңгейіне тікелей байланысты.


Қоғам қызметкерлерінің штат саны 2021 жылдың соңында 755 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 57%, әйелдер – 43%.

2021 жылғы мәліметтер бойынша Қоғам қызметкерлерінің орташа жасы – 37 жас.


ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



ГЕНДЕРЛІК СТАТИСТИКА, %



2021 жылы персоналдың ерікті айналымы 14%, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 4%-ға және 2019 жылғы көрсеткіштен 11%-ға төмен.

